

Сайын Назарбекұлы

Арнаулар

1. Қазақстан – Отаны ғажаптардың!

Нұрсұлтан Әбішұлына

Сақ деп, түркі, қыпшақ деп атандырған
Ұлы елдің ұлы едің, батаң – нұрдан!
Бостандықты аңсады басын тігіп,
Бабаң құрбан, боп талай атаң құрбан.

Дейтін бір кез – көшпелі, кемсің деген,
(Көшпеліні, о ғажап, менсінбеген).
Дәлелдедің Нұреке, жалықпадың,
“Ең ежелгі, қазағым, елсің” деп ең.

Азды көппен ақылмен теңестірдің,
Оймен шештің түйінін егестердің.
Бір табақтан ас ішті қас болғандар,
Басы болдың келелі кеңестердің.

Сізден тарап ақыл, ой, сабыр деген,
Инабатты ел болдық “Қыдыр көрген”.
Әлемге үлгі – тату жұрт, Қазақстан!,
Айналайын тарих, тағдыр сенен!

Астанамыз көрікті – жер кіндігі!
Қандай бақыт ұрпақтың еркіндігі!
Ей, ағайын! Тәубе де, гүл жайнады,
Қазақстан! – қазағым көркің міне!

Тарихтан ел едім алмағым көп,
Күн көріп ек күштіден қалғанын жеп.
“Мәдениет мұрасын” аршып жатыр
Ата-баба жолына жалғаның деп!

Қазақстан – Отаны ғажаптардың!
Қазақстан – Отаны азаттардың!
Қазақстан – байтағы тату елдің
Қазақстан – ажары қазақтардың!

18.05.06.

2. Жаса! Жаса! Қазағымның Жалғызы!

Нұрекеңнің жетпісіне

Байтағымның бақытына жаралған –
Тапқан ұлы қазекемнің бір қызы!
Қазақ аты Нұрсұлтан деп таралған,
Бар әлемге нұр шашады Жұлдызы!

Байтақ далам жасыл баққа бөленді,
Жалғыз ағаш орман екен, көрдік біз!
Қамсыз елім, қамал салмай қорғалды,
Жалғыз адам қорған екен, сездік біз!

Аз жұртыңды теңестірген Қытаймен
Бір қазақты мыңға балап, өзіңсің!
Ұтып келген қарсыласты ұпаймен,
Алла берген қазағыма төзімсің!

Елің болжап болашағын Сіз бенен,
Құттықтайды жетпісімен Жалғызын!
Ұрпағынан ұлылықты дәметіп,
Нұргүлім дер, Нұрсұлтан дер ұл-қызын!

Мақтанамыз кісілікті сезініп,
Қарап қалды Европа аузыма!
Болмаған бақ қазағыма кезігіп,
Сенім таптық алатындай тау бұза!

Шаңы шықты, артта қалған, жаяудың,
Үні шықты арқаңызда жалғыздың!
Дейді жұртың, Тәңір берген, аяулым,
Ғарыштан да елге сәлем салғыздың!

Жетпіс жасың құт әкелгей еліңе,
Құттықтайды Қазақ елі, ұл, қызы!
Билік айтқан Евразия төрінде,
Жаса! Жаса!
Қазағымның Жалғызы!

Жарқын жүзбен жарқырай жеткен жетпісіңіз құтты
болсын, Қазағымның Жалғызы!

3. Хан Тәңір шыңның шырағы

Нұрсұлтан Әбішұлына

Ерімнің ерен еңбегі –
Елімнің туы – "Егемен!"
Тәуелсіз – Далам, Жер мен Көк,
Өлшемсіз бақыт, не деген!

Далам да ертең нуланар,
Жайқалар жасыл желегі.
Қалам да гүлге бөленер
Ел-халқым соған сенеді.

Жылжиды жылдар, қас қағым!
Әр күні жыр боп – дастан, ән!
Жұртымның асқақ арманы,
Мерейі биік басқадан!

Есілдің бойы Жерұйық,
Айналды шынға ертегі.
Мен өзім енді өкінбен,
"Неге деп ғұмыр келте еді".

Толғаншы баба, аруақ,
Ояншы Асан атамыз.
Жайнайды қазақ даласы,
Болыпты қабыл батаңыз.

Ой менен оздың қатардан,
Заманның дүлдүл пырағы!
Өзіңсің, дана, Нұреке! –
Ұрпақтың мәңгі ұраны!

Тараттың сәуле далаңа!
Хан Тәңір шыңның Қыраны!
Өзіңсің, дана, Нұреке! –
Байтақтың мәңгі шырағы!

07. 07. 07. Ақтау.

4. Нұрекеңнің туған күніне. 2009ж.

Мен бүгін білгенімді баяндайын,
Тойында Елбасының аянбайын.
Елу жыл еңбегінің қортындысы,
Қазаққа аңсап келген заман дайын.

Қыраны Хан Тәңірдің қанат қағып,
Ел-жұрттың мүддесімен жарақтанып –
Шаңқ етіп заңғар биік, асқар шыңнан,
Әлемді қазағына қаратты анық.

Қараңдар бір жұлдызым көкте бүгін,
Күлмеңдеп нұр шашады көкте күнім.
Елімнің бақ жұлдызы жарқырайды,
Сондықтан ғарышқа да жеткен үнім.

Қазақтың жері жұмақ, жауы көп-ті,
Содан да шешім іздер дауы көп-ті.
Кемеңгер Нұрекеңнің арқасында,
Жұртымды жат-жақынға бауыр етті.

Түскен жан Алла көзі, назарының,
Бар діндар түсіністі «базары» мың.
Жүргендер бірін-бірі жауға балап,
Дәм татты бір табақтан қазағымның.

Дананың іште жатар бір есебі,
Ақылды алыптармен тіреседі.
Достыққа құмар болды біздің елмен,
Қытай бар, Америка, Ресейің.

Ұлыға кеңпейілдік жарасады,
Жетімге, жесірге де қарасады.
Көршілер іште сақтап қызғанышын,
Үлгі алып Елбасымнан тарасады.

Үнді де жолға шықты кәрі пілдей,
Құрлығы Еуразия бәрі бірдей –
Кеңеске Нұрекеңмен құмар болды,
Қазақсыз беттерінің әрі кірмей.

Халқының мұңын, зарын жаттағасын,
Түсірді тарих қып тасқа жасын.

Елінің дархандығы бір басында,
Сәндетіп салып берді Астанасын.

Атырды бейбіт таңды аймағыма,
Қор қылмай көрінгенге, қайдағыға.
Адайдан бір ауыз сөз естіп келдім,
Ағайын құлақ түрші жайға мына:

...Өткізген қиын күннен Нұрсұлтан деп!..
...Даңғылға шығарған да Нұрсұлтан тек!..
...Деді де Сізді сүйген сол бір жұртың,
Ат тақты: «Нұрлы жолды – Нұрсұлтан!» – деп.

...Бақ қонған қазағымның кезі осы...
...Бағыңа туған тұлғаң – өзі осы...
...Алдыңды бір ғасырлық болжап отыр...
...Ақынның баян еткен сөзі осы...

Өмірі Нұрекеңнің дайын нұсқа,
Түсінер сезімділер жайымды ұқса,
Ұлы той ендігі жыл елім үшін,
Маңғыстау кіріседі дайындыққа.

Патшаның жұртқа берер Жарғысы бар,
Халқының айтар Сізге алғысы бар.
Ұмытпай ұлы тойға шақырылсақ,
Бұл сөздің сонда тағы жалғасы бар.

22.06.2009

5. Елбасы

Бабаларымыз: «Жақсының жақсылығын айт нұры тассын!» - деген екен. Дәл бүгін еліміздің кемеңгер көсемі, Астанамыздың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Әбішұлына мадақ сөз арналса жарасымды күн!

Кемдік көріп бұрынғы ғасырларда,
Еркің болмай күштіге бас ұрғанда...
Армандадың, қазағым, тәуелсіздік,
Айтшы содан асатын асыл бар ма?!

Ер мақталса ел сүйген, болмас айып!
Еңбегі бар Елбасы сөзге лайық!

Жырға қостық бар қазақ сүйіктісін,
Бағасын бер тыңда да, Сіз, халайық!

Үлбіретіп үмітке үкі таққан!,
Лапылдатып арманға алау жаққан!,
Нұрекеңнің әр сөзі – көрегендік!,
Елбасының әр ісі – елге мақтан!

Алпауыттан азбын деп жасқанбады,
Сескенбеді күштіден тасқан, тағы!
Алпыс елге аға боп бір жыл бойы,
Нұрсұлтанмен қазақтың асқан бағы!

Бар әлемді дінменен біріктіріп,
Шаңыраққа ШОС атты кіріктіріп,
Билік айтты Нұр аға не бір төрде,
Күліп шықты, бар жерге күліп кіріп!

Азды көппен, ақылмен теңестіріп,
Америка, Қытаймен кеңес құрып –
Кеше самит, ертең дін құрылтайы,
Бізді бүгін қазақ дер, демес түрік!

Есіл бойы – Жерұйық, Астаналы!
Тәуелсіздік, бостандық – жастар әні!
Егемен ел ұраны – «ауыз бірлік!»,
Талай-талай жазылар дастан әлі!

Осы ерлікті тауларың, далаң күткен,
Осы ерлікті аруақ, бабаң күткен!
Ей қазағым, келді күн, шүкір, шүкір,
Бостандығың басыңда санаң күткен!

Шырқалуда бейбіт ел асқақ әні,
Әлем шардың жылынды қас-қабағы!
Нұрсұлтан деп қазақты мойындайды,
Қазақстан – деп әлем – Астананы!

06.08.2011

6. Бәйтерек тұлға – Елбасы!

Мәртебе асып, мерейі тасып, бақ қонып,
Астана үні әлемге тарап, хатталып –
Ойдағы болып, Ақорда толып қонаққа,
Қазақтың бағы аспандап бүгін жатты анық.

Солтүстік мұхит, Тынығы, Үнді, Атлант,
Соларға жүрек, ортада кіндік жатып ап –
Қазағым бүгін айналды әлем үніне,
Достық пен бірлік бал дәмін жұртқа татырад.

Жетпіс жыл бойы басқалар келсе жетектеп,
Жаулары жүрсе надан деп қазақ, өсектеп –
Келді де көсем – Бәйтерек тұлға Елбасы,
Айналды бірден қазағым елге, жетекші.

Идірді басын Астана бүгін баршаның,
Қасиет шырақ – Астана бүгін әр шамың.
Жаратқан Алла қазақты баста достыққа,
Арманы еді бейбіт күн нұрлы қаншаның.

Береке, бірлік – кеменгер басшы, Елбасы,
Тұрғанда анық бақыттың бастан таймасы.
Қазағым, сенің, мәртебең мынау құт болғай,
Астана саммит – есейген елдің айнасы!

Ақтау. 03.12.2010

7. Астана мен Нұрекеңнің туған күніне. 2008 ж.

Бабаларымыз: "Жақсының жақсылығын айт нұры тассын!" – деген екен. Дәл бүгін Астанамызға да, Астанамыздың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Әбішұлына да мадақ сөз арналар күн! Айтылса жарасымды күн!

Үлбіретіп үмітке үкі таққан!
Лапылдатып арманға алау жаққан!
Нұрекеңнің әр сөзі – көрегендік!
Елбасының әр ісі – елге мақтан!

Арман еткен он жеті ғасырларда,
Қазақпын деп айта алмай жасырғанда –
"Біз – Қазақпыз!", он жеті жылда ғана,

Бұдан өткен, бауырлар, асыл бар ма!

Көп халықтан азбын деп жасқанбады!
Сескенбеді күштіден тасқан, тағы!
Білектіні білікпен жығып берді!
Ұл-қызымның бұ заман асқан бағы!

Азды көппен ақылмен теңестіріп!
Қарар бізге бұрынғы "елес" күліп!
"Қазақ Елін" картадан тауып берер!
Бізді бүгін қазақ дер, демес түрік!

Осы күнді қазақ та, дала күткен!
Мақсатына тез жетті қала, тіптен!
Нұрекеңнің арманы – "Жасыл желек!"
Отырғызар бір талдан бала біткен!

Есіл бойы – Жерұйық, Астаналы!
Елім – бейбіт, шат көңіл жастар әні!
Егемен ел ұраны – Ауыз бірлік!
Талай-талай жазармыз дастан әлі!

Құтты болсын он жасы жас қаланың!
Ол – жүрегі, елімнің – қас-қабағы!
Нұрсұлтан деп қазақты мойындайды,
Қазақстан – деп әлем – Астананы!
Ақтау. 24.06.2008.

8. Қазақ халқына бақыт тілеймін!

Араб елінің патшасы Қағба қақпасының алдында Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаевқа: "Қағбаға кіргеннен кейін Аллатағаладан шын
пейіліңізбен, беріле үш тілек тілеңіз, Жаратқан қабыл алады" – депті...

...Ақ тілеулер кетті қамап анталап,
(Көлеңкедей кешкіғұрым, зәнталақ).
Еділ, Жайық, Ертіс пен Сыр, Жетісу –
Елес берді байтақ елі, шартарап.

Неткен шексіз бір бастағы тілеулер! –
Құранды жұрт... лай сулар... жүдеу жер...
(Ең бақытты уайымсыз жан ғой деп
Ойлайды-ау, әлдеқандай біреулер).

Бір-ақ сәтте ойы кетті шарқ ұрып
(Не іздейді талай тілек бар тұрып?)...
...Ол не еді, жүректегі қорғасын,
Ойлағанда қалатындай қан тұнып?..

..Еске түсті... Бойды кернеп – күш-леп!
(Бұндай сәтті сезімді жан түсінеді)...
...Ақ тілек боп үш тілектің орнына
Айтылыпты бір-ақ тілек үш рет:

...Қазақ халқына бақыт тілеймін!
...Қазақ халқына бақыт тілеймін!
...Қазақ халқына бақыт тілеймін!

...Арманды жан ой орманын көп кешер.
...Нағыз ақты сәуле десер, сүт десер.
...Жуып кетті тамшы жасты, ақ тілеу,
Сәті менен құйып кеткен құт нәсер!..

Семей. 23.02.1995 ж.

9. Алтын бақан

Қазақтың қара шаңырағына алғашқы Тәуелсіздік туын
көтерген, ел ардағы, Нұрсұлтан Әбішұлына

Бір сезім бар менде әлі айтылмаан,
Ұқпас оны, ойсыздар, жәй тыңдаған.
...Далаң – Ұлы!, Әлемді бас идірді,
Балаң – Ұлы!, кем түсті қай тұлғадан...

Күн бейнелі киен бар, шаңырақтай,
Әр күн түндік ашылғай, таңың атқай.
Сол шаңырақ астында болмағайда,
Мәңгірттенген өгей ұл, жаны жаттай.

Ол – әулиең, бас ие, табынарың,
Ол – Отаның, сарғая, сағынарың.
Түтінімен ошақтың иіс сіңіп,
Ардағыңа айналған шаңырағың...

Қасиетін елемей шаңырақтың,
Кейде өзінді, қазеке, аңыраттың.
Бірлік емес биліктің тартысында
Сен емес пе ең, бодан боп, сан ұратын?..

Көрді ғасыр, ақыры, көз жасыңды,
Босатты да ноқтадан өз басыңды.
Тігіп берді ұл-қызың, сақ бол енді,
Тәуелсіздік тұғырын, тозбасыңды.

Елің көзір егемен ел атанды,
Аңсағанды сан ғасыр жұрт бұл таңды.
Алғысың бар айтатын Жаратқанға,
Заманыңа тап қылған Нұрсұлтанды!..

Құжаттары Алматы Актісінің
Жасап берді Ел Басы бас мүсінін.
Қытай, Орыс, Үнділер -- Ұлылардың
Пікірімен бағала, жат кісінің.

Нұрсұлтан деп соғып тұр ел жүрегі,
Шаңыраққа ту болып желбіреді.
Мекке барып халқына бақ тілеген –
“Бар тынысым тек өзің” -- деп жүреді.

Танып болды он жылда халқын Жаһан!..
Танып болды он жылда салтын Жаһан!..
Нұрекеңнің бір қолы Тәуелсіздік,
Нұрсұлтанның бір қолы Алтын Бақан!..

...Алтын Бақан – сол тіреу шаңыраққа...
Жақтасады қашанда Тәңір аққа...
...Әуре болмаң қолпаштап айқайшыны,
Құмарлар көп, дайынға, әзір асқа...

...Мен -- қазақпын дейтіннің табынары,
Жүрек сыздай сарғая сағынары –
Ей, ағайын, бірлік деп тірлік етсең,
Айбындылау Ордаңның шаңырағы!..

Шаңырақсыз – күн кешер, кезіп бекер,
Кейде қаңғып, ел-жұрттан, безіп кетер.
Шаңырақсыз ел болар, қазақ болмас,
Жан-тәнімен соны тек сезіп пе ер...

...Ойлап тапқан киіз үй атам зерек,
Жығылмаса, бес мың жыл, батаң дер ек...
...Құйын соқса құлатпай ұстап тұрар,
Шаңыраққа алтыннан бақан керек...

10. Азамат бар сомдаған Адам атын

Иманғали Нұрғалиұлына

Білім дарып бойына сан жүйелі,
Таңдап, талғап кісілік тәрбиені –
Азамат бар – сомдаған Адам атын,
Болмысына жұққызған бар киені.

Азамат бар – сомдаған Адам атын,
Үлгі тұтсаң жан-тәнің тазаратын.
Ортаңда жүр машайық, ісі сондай,
Алтындатып тарих жазар атын.

Атасынан қасиет қанға дарып,
Парасат пен парызды қамдап алып –
Келе жатыр кісілік соқпағымен,
Анасының ақ сүті жанға азық.

Соқпағымен кісілік келе жатыр,
Кісілікке атақ, даңқ ереді ақыр.
Иманғали даңғылы – ізгі шашу,
Сол даңғылдан барша жан тереді асыл.

Қайырлы жан – құнарлы топырақтай,
Жерге сіңер нәр суы, жосып ақпай.
Мерейлі жан баршаға жайма шуақ,
Бұлт ішінен, жарқ етіп, тосын атпай.

Білім дарып бойына сан жүйелі,
Таңдап, талғап кісілік тәрбиені –
Азамат бар – сомдаған Адам атын,
Болмысына жұққызған бар киені.

16.12.2001 ж. Астана.

11. Құлпытастар альбомы

И. Тасмағамбетовке

Таста жан бар, ерекше, заты нәзік,
Ол тарих аршитын батыл қазып.
“Құлпытас” деп ат қойып, Иманғали,
Ардақтапты алтынмен атын жазып...

...Құлпытастар... бірі ата, бірі шеше,

Өмір сүрген жайраңдап күні кеше.
...Елестейді көзіме бейнелері,
Құлағыма жетеді үні неше...

...Отан еткен елімді, мекенімді,
Олар дағы қазақша екен үнді.
Құлпытастар қарайды баласынып,
Қайдан білсін алпыста екенімді.

...Елемей ме, бұ қарттар баласынып,
Менсінбей ме, мәңгүрт деп, шаласынып.
Өздерінің жолы деп, өнері деп,
Жүргенімді білмейді-ау, аласұрып.

...Білмесеңдер білмеңдер, жалынбадым,
Сезсең болды жүректе жалын барын.
Тас тұлғалар – бабам да, өнерім де,
Сіздерсіздер, тас тұлға табынарым...

12. Қазағымды ерлері бар қамдайтын

Қайраткер інім Иманғалиға

Жаратылыс деген қатал заңдылық,
Түсінгендер өмір сүрер мәнді ұғып.
Пенделерін жаратады не түрлі,
Бірін аңқау, енді бірін аңды ғып.

Таңсық емес мен айтатын бұл хабар,
Тектілерден елге пана ұл қалар.
Ата қаннан, ана сүттен жаралып,
Ержетеді ел мен жер деп тұлғалар.

Ел де орман, тал болмаса қайтер ед?
Көркейте алмас ну орманды жай терек.
Орман сәні, халық сәні қашанда,
Асыл ойлы, алып тұлға бәйтерек!

Рухани бастауындай ұлтымның,
Ағасындай, панасындай жұртымның –
Иманғали атың сенің ойлансам,
Ақаңдармен, Мұхаңдармен бір тұрдың.

Арқасында Алла берген біліктің,
Бабалардың аруағын тірілттің.

Тас атады жемісі бар ағашқа,
Ренжіме, қапталдасса үріп кім.

Ойыңды айтсаң түзелер сөз жүйесі,
Сендей жандар туған жердің киесі.
Туа біткен ақсақалдық бойыңда,
Астананың, бас қаланың иесі.

Тіл үйренген анасынан, халқынан,
Арман-ойы – Жайық-Каспий шалқыған.
Анда-санда алтын құрсақ аналар,
Иманжандай ұл табады жалқыдан.

Сыннан өткен бұ қазағым мыңдаған,
Иілсе де, майысса да сынбаған.
Бұның бәрі сендейлердің арқасы,
Жаным демей елім дейді құнды адам.

Арман-мұхит тал бойында шалқыған,
Жігер-қуат елге сәуле, шарпыған.
Сендейлердің арқасында қазағым,
Мыңдаған жыл айрылмаған салтынан.

Қазағымды ерлері бар қамдайтын,
Қыраны бар арман көкке самғайтын.
Халық қамы – тілегі де, тірлігі,
Иманжандай ұлдары бар аңдайтын.

Тек сендейлер елдің беті – әр, көрік,
Суалдырмай келеді ұстап нәр беріп.
Өлең жаздым саған деген еліңнің,
Жүрегінен алғыс айтқан, жыр теріп.
Астана. 15.05.2012 ж.

13. Иманғали – мақтаным марқайғанда

Иманғали – мақтаным марқайғанда
Сүйенерім – о да сен, шалқайғанда.
Қанатыңның астынан көлеңке іздеп
Ағаң келді алыстан, қартайғанда.

Құшағыңа ел сыйды, таң қалды, мың,
Оған алғыс айтпаған жан қалмады.
Пенде түгіл аруақ қостар мені,

Аға түгіл бабасын қамқорлады...

Сондай біздің бағамыз інімізге,
Жақсыларсыз, ей адам, күніміз не?..
Елің үшін еңбек ет, тығылмаңыз,
Жиғанды жеп өлмеңіз ініңізде...

Тағы да бір ұмтылдым, Құдай қолдар,
Ақылшым бар, інім бар – "былай бол" дер.
Өмір сүрдік – жақсысы, жаманы бар,
Өлу керек әдемі, Құдай жол бер!..

Еңбек еді несібем, ақтан бағым,
Мынау соңғы тырысып жатқандағым.
Жиып берсем қазаққа дүние ғып,
Этно кәсіп, қол өнер – ақтаңдағын...

Мақтанышым өзіңсің, марқайғанда,
Сенерім де өзіңсің шалқайғанда.
Қанатыңның астынан көлеңке іздеп
Ағаң келді алыстан, қартайғанда.

Астана. 3.12.2001.

14. Сезімдер мен сенімдер

Иманғали Тасмағамбетов мырза
Премьер-Министр болып тағайындалғанда

Тап бүгін бұрқау теңіз кезім менің,
Тулаған жал толқындар – сезімдерім.
Шалқытқан қарт Каспийді дауыл болып,
Шабытым – сен бе едің, өзім бе едім!..

Қимылың ел қамынан, таза мұңнан,
Із түсті басқан әрбір қадамыңнан.
Иманжан арнап саған қалам алсам
Саулайды ізгі тілек қаламымнан.

Әр ісің, бас шайқатар, бір жаңалық,
Ел қалды сенен соққан нұрға жарып.
Даламның бір шырағы өзің қазір,
Мадақтап арман ұлға жыр жазалық.

Аттарың қандай мәнді көсемдерім,
Солармен толысады есең елім.
Нұрсұлтан – биік көкте бағдар жұлдыз,

Ел рухы – Иманғали, көкем менің!

Іздедің, таптың талай дарындарды,
Аршылып алтын бабам алынғанды.
Жандырып өшкенімді, өлі оянып,
Жамадың, бүтіндедің жарым жанды.

Әр ісің әуелден де сүйікті еді,
Парасат жылдан жылға биіктеді.
...Кеткенде қамқор Әкім жылып қапты,
Үйшікте орыс, қазақ – "күйікті" елі...

...Шат хабар тағы Көктен жетті бізге,
Міндетті жүктей келді естімізге.
...Халайық, сөзбен, іспен көмек көрсет,
Елім деп еміренген тектімізге...

...Баталы, маңдайлы боп туған, жана,
Өнер мен асыл ойды қуған, дана...
...Әр қадам, ел қамы деп, алға басар,
Байтақтың бақытына туған бала!..

Ақтау. 30.07.02.

15. Иман мен Ғали бірігіп

Құрметті Иманғали Нұрғалиұлы!

Сіздің ой атты қамбаңыздағы имандылық, бойыңыздағы қажымас қайрат секілді қасиеттер әу баста қасиетті атаңыз Тасмағамбет әулие қарттың аузына Алла әмірімен салынған болар...

Сол арқылы Сізге адам ниетінің имандылығын, Әзіреті Ғалидың қайратын дарытқан болар...

Осыны сезген халқымыз Қазақ елінің өркендеген елдер қатарына қосылмақ тілекпен ғұмыр кешіп жатырған шағында ең бір "қара нардың белі кетер" ауыр қызметтерін Сізге тапсыратын шығар...

Соны сезінген Сіз де әлі күнге қандай ауырды да "ыңқ етпей" арқалап келе жатырған боларсыз!..

"Астананың Әкімі" атты аса құрметті де, жауапты лауазымыңызбен құттықтаймын!

Бұл дәрежеде еткен еңбегіңіз әуелі еліңіз бен барша қазағыңызға, қала берді шаңырағыңыз бен ұрпағыңызға жұғысты болсын деген тілек тілеймін!

"Бұ тірлікте ең жақсы көрген ағама!" – деп,
"Құлпытасыңызды" сыйлаған Тоқтамыс Сайын Назарбекұлы,
ақын ағаңыз, өзіңізге деген арнауын қабыл алуыңызды өтінеді....

Ал, әлеумет, көпшілік
Мен сөйлейін Сен тыңда!
Ортамызда қазақтың
Толағайы, Ер Тұлға!
Халқының қамын ойлаған
Қарақасқа атты Қамбары!
Алатаудай айбыны,
Бұ заманның Заңғары!

Жұмбақ болған талайға
Бір түйінді кесейін.
Бәрі де Алла бұйрығы,
Табиғат сырын шешейін!
Ел алдыңда мен шалқып,
Ой толғайын, өсейін!
Толқынға қарсы қарғыған
Жел қайықтай есейін!
Ой жарыссын мезгілмен
Сезіммен алыс көшейін!
Сұңғыла сезім сұғынсын
Сананы жабық тесейін!..

Бұл, Иманғали, ұлыңыз –
Қазақтың қара баласы!
Іскерлігі ерекше –
Басшылардың дарасы!
Жастайынан танылған –
Халқының білгір данасы!

Өйткені солай Құдірет
Тұлғалай сәнін келтіріп,
Біліммен мәнін толтырып,
Басында, сонау әу баста
Ерлерге Ерен теңгеріп,
Болмысы – Иман, тілі – шоқ,
Асылды оған тең бөліп.
Әзіреті Ғали қайратын
Сыйлады қоса жөн көріп.
Қолына түскен барлық іс
Жатады содан жөнделіп.
Ой менен талап жетілді
Ғылым мен білім меңгеріп.
Көрегендік, іскерлік
Бір басына тең келіп.

О, Имеке, Имеке!
Еңбек еттің еліңе,
Тер төктің туған жеріңе!
Тарих қайта сөйледі
Бұл салаға сен келіп!
Зергерлерім тірілді
Өнері қазақ өңделіп!
Парасат, ақыл қосылып
Еліңе бердің Сен, көрік!
О, Имеке, Имеке!
Осылайша тағдырың,
Орасан содан ірілік!
Жаратты Алла өзіңді
Алмастың өткір қыры ғып!
Ақ сүңгінің ұшындай,
Ақынның семсер жыры ғып!
Әуелден бейқам қазағың
Бұларды кештеу жүр ұғып!
Ұлы Абайдың басында,
Шәкәрім қажы қасында,
Қайрат пен сөздің тұлғасы,
Алғаш көріп өзіңді
Қалып ем сонша қызығып!

О, Тәңірім, Тәңірім!
Бір қазақтың басына
Беріпсің бәрін Тәңірім!
Жаратқан сенің еркің бар
Әлемге жүрер Әмірің!
Содан да болар бұл ұлың
Құлтегінді тірілткен!
Сарайшықтың хандарын,
Қатарға қосып ірі еткен!
Бабалардың басына
"Құлпытас" қойып, жыр еткен!
Қасиет қонған атаны,
Ұрпаққа мәңгі тірі еткен!
Еліне сонша тер төккен
Осыдан бұрын кім өткен!

О, Жасаған, Жасаған!
Қасиет сонша бір баста
Зердеге кетті "кірігіп".
Жауының жүні жығылды
Айбардан жасып, жұр ығып!

Тәңірім саған алғыс көп,
"Арпа ішінде бір бидай",
Қазақтың бірін ірі ғып!
Бір Алла тілек тіледім
Маңдайға біткен Жалғыздың
Жаратшы жанын "сірі" ғып!
Жаратшы жанын "сірі" ғып!
Астана. 23.05.2008

16. Құлтегіннің ұрпағы – Иманғали!

Түркі тамыр, мен де бір, емен едім,
Келіп отыр: "Ей, Алла деме!" – дегім.
...Ойы олқы соғар ма, Астанаға,
Ауылда өскен, қазақы, немененің...

"Мың тіріліп, мың өлген..." Жұбан әнін
"Шүкір" деймін, еске алсам, бұ да наным.
Тағы қате басам ба?.. Сақта Құдай!..
Сондай шақта Сен бар деп жұбанамын...

"Ел" деп, "Жер" деп тер төгіп іс қылатын,
Әйгіледің атаңның "үшбу" атын.
Құлтегіннің ұрпағы – Иманғали! –
Туған жерге арнаған күш-қуатын.

...Ақсақалсың, ағасың – інім менің,
Жеткенінше жырлаймын үнім, демім.
Тілегінді тілермін ел атынан,
Сарқылғанша бойдағы сенім, сезім...

...Арқа сүйер асқарсың апшығанға,
Бұғалықсың бас асау шапшығанға.
Замандармен тілдесем сенің арқаң,
Жүрек қылы тербелді жақсы жанға...

...Жалғасырдың мың жылдар аралығын...
Айналайын еңбегің дара бүгін.
Бабасына бас иген Құлтегіндей,
Саған сенген қазақтар қарақұрым!..

Ізің қалды, сайраған, қайда барсаң,
Жаның ізгі, мінезің – майда, жайсаң.
Қол өнерін қазақтың мәңгіледің,

Іс тындырып келер ең Айға барсаң!..

Жалғастырдың ғасырды ғасырларға,
Кісілікті ұғынттың тасырларға.
Отызыңда Ордаға аға болдың,
Қор болмаспыз өзіңдей асыл барда...

Әлеміңді өзіңнің жасап ішкі,
Сен тұлғаға айналдың аса күшті.
Екі жылға жетпейтін еңбегіңнен,
Атыраудың айбыны аса түсті.

Тәңіріге жетті де зары көптің –
Мәңгірттердің ордасын жарып өттің!..
Міне енді кеудемді көтеремін,
Сендей ұлдар ұлт пен жұрт ары беттің!

Жағаласып әр бірі жасы жүзден,
Қазақ едім белімді ғасыр үзген.
Сенің арқаң Сарайшық бас көтерсе,
Бейбарысқа иілдік басымызбен.

Жеті мешіт арқаңда тұрғызылды,
Көргендейміз өзіңнен біз Қызырды.
Қамқорладың Жошы хан, Бекет Пірді,
Тек өзіңнен алсыншы ұл-қыз үлгі...

Қарсы жүзген дауылға толқын болып,
Бос сөздіге көрсеттің жойқын жорық.
Шақпақ тастай – бойыңа от жинадың,
Намыс-қылыш, үлгі алсын, қойсын жонып.

Атам жаны тұңғиық, терең еді,
Кейбір ұрпақ есіркеп, елемеді.
Шымыраудан ел үшін нәр шығарар
Өзіңдей бір текті ұл керек еді.

Сен түсіндің тектілік – күш, құтын – әр,
Әр қимылың ұрпаққа бір жұтым нәр!..
Томсон дана, Гумилев, Иманғали –
Ошағымның от жағар үш бұты бар.

22.06.2001 ж. Ақтау.

17. Арман-сыр (Иманғали ініммен)

Жұмақ па екен, Жер ме екен?,
Ауыл ма екен, ел ме екен?..
Ақынның жаны аңсаған,
Қайдасың, қайда сол мекен?..

...Кіл пайғамбар қарттары,
Жігіттер қандай – мәрт бәрі.
Ұлы жол, ұлы керуен,
Арманы елдің артқаны.

Аналар атты керімдер,
Қызғалдақ қыздар, өрімдер.
Өр түндікте жұлдыз боп,
Тұтқасы ошақ – келіндер.

Ағасы елдің үні боп,
Ибалы кіші іні боп.
Қаумалаған қарындас,
Шеттерінен міні жоқ.

Жүздері жылы сыз атпай,
Өкпесі болса ұзатпай.
Кілең бауыр, жаты жоқ,
Жанарлары мұз атпай...

...Осындай қазақ санасы,
Көңілдің болмай аласы,
Жайнайды қызы, баласы,
Гүлдейді байтақ даласы...

...Көктем бе екен, күз бе екен?,
Ертең бе екен, Біз бе екен?..
Бұлбұл жанса ұл-қызым,
Гүл-гүл жанса түз, мекен!..

...Сенемін, Күнім атасың..
Табар-ау жұртым қатасын...
...Ой-қиял менің бақытым,
Оңашада бататын...

Астана, 17.02.2002 ж.

18. Нұрғали аға рухымен

Бір жақсы іс тындырып, өзіне-өзі риза болған кісінің: “Әй, өттеген-ай! Осы ісімді көре алмай кетті-ау!” – деп, ең қадірлі бір адамын есіне түсірер кезі болады. Тарих үшін, қазақ халқы үшін, өнер үшін деп істелінетін сан істің басы-қасынан табылып жүрген баласының жетістіктеріне, Құдайға шүкір, Ділдә жеңгеміз талай қуанған болар. Аллатағала әлі де ол ананы қуанта бергей...

Өр қимылы, тек қана өз шаңырағы емес, бүкіл елімізді елең еткізумен келе жатқан Иманғали мырзаның әлгідей сәтті кездері талай рет “өттеген-ай” деп, әкесі Нұрғали Тасмағамбетұлын есіне түсірген болар.

Біз осы тойда Нұрекең рухының шаңырақ көтеріп жатқан немересін желеп-жебеп осы маңда жүргеніне сенімдіміз. Байтақ қазақ елінің біртуар азаматына айналған ұлына, осындай қуанышты шақта, өзінің ризашылық сезімін былайша жолдап жатыр деп жобалаймыз...

О, Жаратқан! Саулық бер естімізге,
Қанағат бер билікті тектімізге.
Еңбек еттің ел үшін, бұлданбадың,
Иманжаным дүбірің, жетті бізге.

Балапаным, бұ жақта жұртың ырза,
Сәлем айтты ағаңа, Сұлтан Нұрға!..
Сүйдім дейді түсінде маңдайынан,
Бата беріп, Бейбарыс сұлтан мырза.

Жүрісіңнен айналдым жорға ботам,
Үндеріңді тыңдаймын, жырға батам.
Тұғырына қондырған бабаларың,
Дән риза Дина мен Құрман атаң.

“Қарға тартсын” деген сөз – бұл тегін бе?..
Қайыр еткей қашанда ұл тегіне...
Жатыр саған арнайы сәлем жолдап,
Бар түркінің бабасы Құлтегін де.

Ұлдары бар сүйікті Жаһан, Көктің,
Таласпаған тіріде асам деп тым.
Енді міне ұрпағы ат мінгізіп,
Алғысы зор Исатай, Махамбеттің.

Ұлт деп соғар жүрегі алтын бастың,
Демің ел деп алынса алқынбассың.
Бақытқа жет, жеке емес, көппен жаным,
Асқарлардан азамат қалпыңда асқын.

Өзімшіл жан бұ жақта тартты айыбын,
Ізгілікте жүзгей де бақ қайығың.
Өз босағаң – бар қазақ босағасы,
Ен даласы қазақтың – Ақ Жайығың.

Бар теріңді төгіп бер жорға шақта,
Ағайын деп жарығым арға шаппа.
Сәлем айттық Сайынның аузына сап,
Ұлым саған, ал сосын бар қазаққа...

Босағаны аузы бір төр етеді,
Бірлігі бар – әр істі берекелі.
Бірлік арты береке, ұран осы,
Молдау болғай күндерің мерекелі..
18.06.2004. Ақтау.

19. Анасы мен баласы

Өмірге ұлы перзент берген
Кекілбай рухына бағыштадым

Ауырсынбай емшектің жарасын да,
Ұрпақ үшін жан қияр шарасыз да.
Әйел бағы неде екен, ол бір жұмбақ
Ана бағы ержеткен баласында.

... Әулиедей көремін, таза шыным,
Ажарына көз тоймас анасының.
Ешбір елден, еш жерден көрген емен,
Ақжаулықтың соншалық жарасымын.

Өзі ұшырды қыран көз – қарашығын,
Өзі қолмен қалады дала шыңын.
Жалғызына сыйлапты - өз басының.
Екі жұрттың жинақтап бар асылын.

Зәбір берсе аяқтан шалып үстем,
Қорланды ма, жесір боп налып іштен?
Жар сүюден тек қана ауыз тиіп,
Ұл сүюдің шарасын қанып ішкен.

Айсәуле атты – Күнсәуле, о анашым,
Мен де өзіңдей ананың баласымын!
Бір туар ұл сенікі, мойындаймыз,
Сенің ұлың – ерекше, дара – шыным!

Төлді таныр қазақтың дана шалы,
(Ұл әлпештеу халқына жарасады) –
Тым ертелеу ержетіп, көзге түсіп,
Өтіп кетті ойынсыз бала шағы.

Жөнге салған мектептің көп тентегін,
(Сен осындай ғажапқа кез кеп пе едің?)
Бар болғаны оқушы, қара бала,
Директордай билеген өз мектебін.

Жарасатын күлгенде ақсиганы,
Кім жек көрер көркем көз, тас бұйраны.
Талай сұлу өз жанын қинағанмен,
Бұл қыздарға махаббат аз сыйлады.

Жауап іздер, өмірден, сұрағы көп,
Өмір – таным ойлады құралы деп
Ойын – сауық, думанды тежей білді,
Ғашық болды тек қана бір-ақ рет.

Тынар сәтін күтеді бір іс неше,
Алсаң жақсы және оны дұрыс шеше.
Әлі бойдақ Әбекең жүрер ме еді,
Бір қыз өзі қозғау сап кіріспесе.

Кей келін бар бақытқа шіренеді,
Баптай алмай жүрсе де бір енені.
Ене көрген келіндер ел тірегі,
Бәйбішелік, тым жастай, түр енеді.

Әбекеңді қызықтап сұраған жан
Кенде емес ашудан құр алақан.
Местің аузын шешеді жиып келіп,
Барлық өшін алады бір адамнан.

Сол адамы алыптың тірегіндей,
Мәңгі тікен қадалған жүрегіне.
Ержігітті үйінде сынатпауға,
Қарамады, отыз жыл, күле кімге.

Адам деп тек сыйлады туысты да,
Жауап қатпай құтылар “шүү ыссыға”.
Қара бастың қамына атсалыспай,
Ағайынмен аз ғана суысты да.

Барлық іске етеді Әбіш пайым,
Ау, ағайын, ойлашы Әбіш жайын!
Тай жарысқа қор қылма тұлпарыңды,
Ол тістесер, ойға алшы шабыс жайын!

Айлалы өмір астарын аңғартпады,
Жата алмады тағдырды таңдап тағы.
Мол билікті “достардың” арқасында,
Белгілі оған – керзі етік, солдат бабы.

Отыра алмас патшалар күш тасқанда,
Атақ керек – жерде де, күшті аспанда.
Оқ өтінде қалған-ды, сол бір жылдар,
Ұлы Қытай, Ұлы Отан ұстасқанда.

Көзім көрді сол жылдар қиналғанын –
Аяқты етік, өкініш – қинап жанын.
Шинел шешіп, қарусыз қайтқан күні
Көзім көрді қанша дос жиналғанын.

Шыдай білген енді-енді кәзіріңе,
Қанағатшыл қолда бар мәзіріне.
Аттан салмас қара бас қамы үшін,
Көне берер замандас зәбіріне.

Зорлық көрсін жауынан, тасыр ұлдан,
Құқай көріп жатса да ғасырынан –
Аш – тоқтығын сездірмес, бөрі жүнді,
Әбіш жаны тереңге жасырынған.

Сезім содан атады буырқанып,
Асыл зерге жиек қып суыр тағып.
Мұхит ойдан маржан сөз толқып шыққан,
Танытады ерекше – “суынды” анық.

Қатты ызаға буылса буырқанып,
(Аулақ жүрер сондайда қуың танып) –
Енді – енді тұтанып кететіндей,
Күрең қошқыл тартады суып, жанып.

Кейде жуас “шабаның” қойға мінер,
Шат кезінде оны тек тойға жібер.
Бірақ сергек, бұрқ етер от тигізсең,
Намыс – ашу бар кезде бойда жүрер.

Ыңғайыңда кей-кезде бала дерсің,
Қатепті нар – артық жүк сала берсін.
Сан сұрақтың жауабы бір өзіңде,
Отың сөніп, асыңды шала жерсің.

Бар салмағы басында теңселеді,
Таң атырар кеңесіп келсе теңі.
Олпы-солпы денесі мол пішілген,
Еске салар шалқақтау еңсе нені?

Қарқылдаған шынайы күлкісі бар,
(Ондай кезде әзілмен сілкісіп ал).
Сол сиректеу күлкіні шақыратын,
“Аққошақан” дейтұғын бір кісі бар.

“Адам” деген иесі ғажап аттың,
Ар-ұжданды әуелден таза бақтың.
Парасаты танылды жақсыларға,
Тағын берер хан түсіп азаматсың.

Табиғатқа, шындыққа – жастан кішік,
Десем айтпас, жатыр деп мақтан пішіп,
Басың сыйлы, таныды ел, жансың кәзір,
Жаяу қалар жолаушы аттан түсіп.

Сен бақыттың жолықтың тайдайына,
Қалыс қалды бәсеке, дау жайына,
Нарын міндің мақсаттың елемейсің,
Кейбір пасық жабысса шаужайыңа.

Қиын екен дос болу ірі адаммен,
Отырғаның кішік боп, кіл алаңмен.
Іс-қимылы кей-кейде деп тұрғандай
Тірі жүрген ортаңда – “Пір” адам ем.

Аузын ашса көмейден маржан төккен,
Ой толғаса тілдескен арман көкпен.
Ел басынан Әбекең алады екен,
Өз басына уыстап зардан, дерттен.

Ауырсынбай емшектің жарасын да,
Ұрпақ үшін жан берер шарасызда.
Әйел бағы неде екен, ол бір жұмбақ,
Ана бағы ержеткен баласында.

Құмда туып айналған – ала шыңға,
Өз бағы емес, ел қамы – санасында.
Ердің бағы неде екен, ол бір жұмбақ,
Елдің бағы сөз ұстар баласында.

20. Керуен

Әбіш Кекілбаевқа

Демесін деп базарға босқа барған,
Атандарға артады қос қанардан.
Жол ортада бел кетсе, талай жампоз
Жаутаң қағар, бағы аз боп басқалардан.

Қалған жолда қанардың талайларын
Сидырады қалғанға қалай бәрін?
Мінезсіздеу қоспақтың арқасы бос,
Жорта ақсап, тулайды талай залым.

Үстемелеп жүк артқан шеру едің,
Міндеті бар біреуде елу ердің.
Емпеңдейді қазақтың қара нары,
Мойнын созып басына керуеннің.

21. Клара Жұмабайқызының 70 жасына

Тәңір қосқан Әбіш Ердің зайыбы,
Бір өзіңмен жолда Әбең қайығы.
Өмір – мұхит, мәңгілікке бет алды,
Сен – желкені, бұл Сайынның пайымы.

Мейірлі боп саған, достым, бір Аллаң,
Едің бақты, табиғаттан әр алған!
Озық туған бұйрығымен Тәңірдің,
Адай үшін, Әбіш үшін жаралған!

Саған оңай болмағанын білемін,
Бірақ қабыл Жаратқанға тілегің.
Келін болдың, ене болдың, енді әже,
Жылдан жылға жайнай түстің, түледің!

Ақ жүрегің ақ батадан нәр алған,

Ақ тілегің алғыстардан құралған.
Ауырсынбас нардай Әбіш салмағын,
Төзім берді, сені сүйген бір Аллаң!

Аялады кемеңгерді жүрегің,
Қонақ күттің, қабак шыттың, жүдедің!
Бірақ саған қайрат берді махаббат,
Арқалады Әбіш жүгін білегің!

Ұлың да бар, қызың да бар, немерең,
Жолға шыққан Әбіш атты кемемен!
Біреу салмақ салса Әбең жанына,
Өзің емші, неткен бақыт, не деген!

Берді бәрін бір басыңа, ептемей,
Жүзді жаса, осы бағың кетпегей!
Тойың құтты, ғұмыр ұзақ болғай да,
Бере бергей, бере бергей шектемей!
8-ші «С» клас оқушылары атынан
Достарың Сайын-Қантөре

22. Әбеке жетпісіне

Уа, Әбеке!, бір жетпіс алдыңыз ба?
Мәңгіліктің асқары алдыңызда!
Ұзақ ғұмыр тіледік Жаратқаннан,
Айсәуле мен Маңғыстау жалғызына

Тәңір біраз жүр еді тарықтырып,
Өзіңменен жіберді қарық қылып.
Уа, Әбеке! Айналдың әулиеге,
Қара жердің құрсағын жарып шығып.

Қаратауың, Ақтауың сағынады,
Маржан сөзден ел алқа тағынады.
Ұрпағыңа үлгісің, заманыңа,
Өнерің де, өмірің мағыналы.

Қамшыладың, қайрадың шабандарды.
Ұмтылдырдың әр беріп жамандарды.
Шешен, дана, кемеңгер аттарың бар,
Ыңғайыңа көндірдің замандарды.

Арнар Сізге жүректе жырым көпті,

Айтар Сізге көңілде сырым көпті.
Соның бірі – әкім ғып ел бағына,
Елбасымыз сайлапты Қырымбекті.

Гүл жайнатты жеріңді арманды інің,
Маңғыстауда көрсетті талғам дүрін.
Әр тасыңды алтындай ардақтайды,
Іс-қимылдан көрмедік жалған бірін.

Ойламалық сөзді, ой, сазды бекер,
Арман-шыңға өнерлі, назды жетер.
Жеті қадам басыпсың он-он жылдан,
Енді Саған жетпісі аздық етер.

Уа, Әбеке!
Жеті қадам басыпсыз он-он жылдан,
Жүз жетпісі Сізге енді аздық етер!
Сайын досыңнан.
Ақтау, 27.08.2009.

23. ӘБІШ АҒА

Пейлі ме ең қазақтың тазартылған,
Даласы ма ең шексіз ғып жаратылған?
Шалқып аққан Еділдей білім-теңіз,
Ұлытаудай, ерекше, дара тұлғаң!

Қайырмасы:

Алатауды биіктеткен,
Маңғыстауды сүйікті еткен;
Алда асу асқарлары,
Ел басының бас сардары;
Жиреншедей ел данасы,
Ғасырының бел баласы –
Әбіш аға, асыл аға!

Бастан кешкен барлық жұрт азабындай,
Бабалардың түнерген қабағындай.
Мақалындай атаның ойға толы –
Алла саған бұйырған жаза мұндай.

Қайырмасы:

Жанға нәр ғып сіңірген Алаш әнін,

Бойға нәр ғып жинаған дала шаңын –
Жақын болғай, Әбеке, ұлы тойың,
Армандаған еліңе болашағың.

Қайырмасы:

24. ӘБІШ

Әбеке, деме неғып сынай қалды,
Жалғыз боп туар дейді құмайларды.
Бура бас, бота тірсек болсаңдағы,
Қорқамын тіл мен көзден, құдай барды.

Жасынан көзге түсер қайда бала,
Елеусіз өссе және айдалада.
Бұлт мініп, жұлдыз жағып, жалғыз маңып
Жүріпсің көз тоқтатпай айналаңа.

Көтерсе талай көрші кекесінін –
Білді ме түбі толар есесінің.
Әуейі жалғыз ұлын жеткізем деп,
Сенімі жоғалмапты шешесінің.

Мелшиіп тұрады екен – тезек терім,
Сидіған, сөзге шешен, өжет керім.
Оқыпты қуып жүріп, жел ұшырған,
Біреудің пайдаланған газеттерін.

Аңқаулау – содан тартқан жазасын да,
Елгезек – алды жұрттың мазасын да.
Ақ көңіл – түзетіпті Түзелханды
Айтты ақыл Айтбай атты ағасына.

Міндетін асып жатыр қара бастан,
(Сенімен қырық жылдай араласқам)
Өзіңді сөзің ерте ер жеткізді,
Бас тартты ақсақалдар бала жастан.

Сен үшін тілек тілеп жылайды ана,
Бағыңа бата жолдап мұңайды аға.
Сен болсаң шүмегіңнен құтылғалы
Жалынбай келемісің “құдайға да”.

Толғанса ойдың шырқау шеті ме еді.
“Семсер тіл – қайрақ сөзбен” жетіледі.
Шомылса, Әбіш атты ой-мұхитқа
Қатары надандықтың сетінеді.

Таң қалып отыр елің қайратыңа,
Ол сен бе, әлде аталар айбаты ма?
Дауыл – жел, өзің шықсаң бәсеңдейді,
Соғады қалайда елдің пайдасына.

Көреді ардақтысын демеу кісі,
Өзіңсің бар қазақтың елеулісі.
Тілеймін бір Құдайдан күні-түні
Бола гөр ата-бабам желеушісі.

Елуден алпыс жаққа аяқ бассаң
Жүз жаста қас қағым сәт, таяқ тастам.
Он бір жол, он бір буын өлең жаздым,
Сипатың кем бе, қара, қай ақ тастан!

Түзелхан – жақын жеңгесі,
Әбекең бала күнінде әзіл өлең жазған.
Айтбай – жазушы А. Хангелдин.

25. Тұтқасы тірлік аналар,

Әбіш Кекілбайұлының анасы,
ел анасы – шешем Айсәулеге арнадым

Керсоқыр заман қырсығып,
Көрсетті "жаудың" қызы ғып.
Маңдайды кетті бір сызып,
Жүректе қалды бір сызық.

Есерсоқ соғыс дүр шығып,
Еріңді алды қырсығып.
Маңдайды кетті бір сызып,
Жүректе қалды бір сызық.

Айрылып тағдыр талағы,
Шектің ғой қайғы-наланы.
Сыздайды-ау жүрек, әжімің
Тереңдей түсіп барады.

Болаттан бетер бекіне,
Кешпеген сендер кесір жоқ.

Жетім боп қалған жетіде,
Он жеті жаста жесір боп...

Ардақты біздің аналар,
Аян-ды қабақ шытпасы.
Ерлікке өмірі барабар,
Өздерің тірлік тұтқасы!

Алматы. 21.01.1989

26. Ұл қалдырған әулиедей артына

Ұл қалдырған әулиедей артына!,
Ардақты еді абзал ана жұртына! –
Бір келінін қастерлейді Маңғыстау,
Қаратау да құрметтеп тұр тына!

Жаратушы бір ақыл-ой түйіпті,
Меже еткен асқар-заңғар биікті –
Ұл берді де Айекеңе Әбіштей,
Айналдырды, асыл жанға, сүйікті.

Зар мен қайғы өртей алмай өзегін,
Күте білген келер өмір кезегін –
Бар пейілін Әбішіне арнаған,
Айекеңді жан-тәніммен сеземін...

...Оймен түзеп мінезді де, төзімді,
Қолмен құйдың мүсін етіп өзіңді –
Уа Айеке, айналайын анашым,
Билей білдің, бағындырдың сезімді.

Күн сәулесін, Ай сәулесін құйғыза,
Жалғызына бар асылды жиғыза –
Өмір сүрді өз міндетін сезіне,
Бауырына бар қазақты сыйғыза.

Дерсің оны періштенің баласы,
Дерсің оны бар сәбидің анасы –
Сәукелелі асқар шыңдай бір бейне,
Ықты болды, мықты болды панасы.

Кездескесін тағдыр-тентек естісі,
Ұмыт болды уақыттың тепкісі...
Әбішінді елі отыр әлпештеп,

Жетіп қалды жақындап та жетпісі.

Сәнді еді аналармен Жер беті,
Мәнді еді аналармен Жер беті.
Өз міндетін мәңгілікке атқармақ,
Жүректегі анамыздың келбеті.

Ақтау. 22.06.2009 ж.

28. Төлеген топырағы

Айбергенов алпысына

Отыз жаста бар биіктен биіктеп,
Заңғарлықтан төбесіне тиіп Көк –
Еңкейуге арланды да асқақ жан,
Құлап түсті, асқарлықты сүйіп тек.

Бір отыз жыл екен соның аржағы,
Бір отыз жыл екен соның бер жағы.
Сексен-тоқсан керуенін көргенде,
Отыз деген қозы көштей жер дағы...

Осы ойлармен келдім Төкең еліне,
Бас идім де алдым уыс жерінен.
Бұл топырақ аруақтар мекені,
Тұзы, нәрі – қарақалпақ терінен.

Бір-ақ уыс топырақсың қолымда,
Жан қиылған, жыр арналған жолыңа.
Жаратылар талай Төкең осыдан...
Алақаным секілденді толы ұлға...

Қаймағым-ай, уыз көктем төлі ме ең?..
Қаталап па ең қанбас дерттің шөлімен?..
Кейде мейір қандырдың-ау, сеземін,
Бауыр елдің дархан-пейіл көлінен!..

Бір уыс қой!.. Аз ба, көп пе - топырақ?
Кенет қиял бір ойға тек тоқырап –
Төкең тәні нәр алды ма осыдан,
Қисыны бар, ойға сияр жосын-ақ...

Қазақ қаны, қарақалпақ тозаңы...
Кірікті де... ғасырлардан озады.

Бұлбұл сорлы сайрай алмас ешкімше –
Жырлағаны Төлегеннің өз әні.

Бір-ақ әріп – Төкең болып налыпты,
Бір ауыз сөз – шатқа бөлеп халықты.
Алла ісіндей жер жаратқан тарыдан,
Бір сөйлемнен дастан туа қалыпты.

Әшекейлеп зерлі сөзбен тұғырын,
Өлеңге арнап он бес-ақ жыл ғұмырын –
Ақындарға өз құранын қалдырып,
Алласына кетіп қапты бұ “Құлың”...

29. Әмин Тұяқов

Сен де ойнадың біздермен бала болып,
Тай жарыста мақталдың дара келіп.
Бас бәйгеге құмарлық атаңыздан,
Ат мінгенді жаратып қара керік.

Ел тағдырын халқыңмен бөле кештің,
Жай қазақсың, паңданған төре емессің.
Әмин!.. Қазақ баласы, желаяғы!
Жігітісің намыстың, ер егестің.

Дос болдыңыз қойшымен, генералмен,
Қадір тұтты бәрі де дей алар ем.
Бірақ кейде тіл таппай қаласыз-ау,
Пысықсыған, ағажан, кей адамман.

Талай тарлан озбақ боп ерек шығып,
Дірілдеді алдыңда жүрексініп.
Топтан торай шалдырмай келдің неше,
Ұлт намысын жаныңа тілекші ғып!

Ақжайықтың бойында туғанменен,
Кіндік кесіп, сонда кір жуғанменен –
Тұяқовтың жел жетпес тұқтарын
Алтай, Арқа, Атырау, Шудан көрем...

Ақталды да аянбай тер төккенің,
Ғұмыр жасын Жеңістің келте етпедің.

"Артта қалған қазақ..." деп кемсітетін
Отаршылдың тәрк еттің ертектерін!

30. Әмин жетпісіне

Ардақ тұту азаматты жұрт ісі...
Екі миллиард мұсылманы, түркісі...
Жирма, отыз арасында бір жігіт,
Сілкіндірді миллиартарды, бір кісі!..

Бақыты да, азабы да аяқтан,
Тегі Тұяқ, жанарлары жай атқан!..
Бас мақсаты Отан атты ананы
Сүйе беру: қысы-жазы, май-ақпан!..

Шарлап өтті Әмин аты әлемді,
"Жеңіс, намыс" жанға солай ән енді.
Туы болып қалды аты жеңістің,
Желбірейді намыс атты кемеңде!..

31. Темірханға

Іздеп мені кеп қапты жақсы інім,
Өзім емес, ел көрген жақсылығын.
Бір тарпаңды көлденең тартар ма еді,
Өттеген-ай, қол қысқа, тапшы бүгін.

Күн шырайлы, қуанып азаматқа,
Қызым сөзін берді айтып, мана, жатқа.
Көрсем болды кеуделі, мол денені,
Пайда болар қозғалыс сана жақта.

Жел де өзге, тап бүгін, самал жылы,
Бақыты ақын – ел-жұрттың амандығы.
Қара табан шаруа қоңырайса
Білесің ғой, тартатын сазаң, мұны.

Темірханды сөйлеймін жете біліп –
Ойы тентек, арманы өте, бүлік...
Құйғандай боп өзіне бір дария
Кетті Каспий бір елі көтеріліп...

...Ілесе алмай шабыттың текірегі,

Қолға түсіп сезімнің шетірегі...
...Көк шуландар, ақ шулан... жарға соқса,
Сондай шығар қас ақын көкірегі...

32. Ресейде інім бар

Аман Тулеевке

Ресейде бар екен інім менің,
Нұрдан құйған кәдімгі түрін көрдім.
Ақ түйенің қарыны жарылған күн,
Өшкен жанып, міне өлі тірілгенің!

Қызықтым ба бағына, атағына,
Сүйсінемін тәубе деп, бата қыла.
Ну орманда еңселі қарағайға
Ырза сезім жүректе жатады да...

Тыңдап жатыр жақын да, сөзінді алыс,
Мүлт жіберме, күтеді кезін жарыс.
Бір кез бабаң билепті Египетті,
Иықтассаң тайсалма, тегің – Барыс!

Сондықтан да тоқтатпа күресінді!
Кей намыссыз талтаңдап төресінді...
Таласыпты-ау тағына патшалардың,
Алып берді-ау Колбиннен бір өшімді!

33. Ләззәт Кетебайұлына

Әулиелі топырақтан жаралған,
Терең тамыр, тұңғыықтан нәр алған.
Алла бірден талапты етті, бақ берді,
Шықты – күнің, Айың, Жұлдыз – бәрі алдан.

Ғалым болдың хабарласқан тереңмен,
Сыр суырдың мылқау Жерден, кереңнен.
Бұ қазақта талай биік бар шығар,
Бір асқары Сен, Ләззәт, сенем мен!

Сүйер сонша Жерді, Елді – бұлай кім?
Еңбекпенен көріктенген шырайлым!
Сенімдісі – Елбасының, елінің,
Бас маманы, қара алтынның, мұнайдың!

...Ақ жолыңа өлеңменен гүл егіп,
От басыңа баян бақыт тіледік!
Ақ батасын Маңғыстаудың жеткізген,
Сайын ақын – деген ағаң, Біз, едік!..
Астана. 1.06.2002.

34. Мүмкін менің шындығымда қате бар...

(Мырзатай Жолдасбековке)

Сіз, Мырзеке, басқалаусыз өзгеден!..
Сыр ашпақпын сенгендіктен Сізге мен.
Сіз – Қаратау! – сол биіктен қарайсыз,
Жоқ көздейтін төбешік ек Біз деген...

Уа Мырзеке, ер жанарын көріп пе ең?..
Айрылмап па туа біткен көріктен?..
Қабылданбай талай шындық көздегі,
Сөніп жатса, тұңғиықта, неліктен?..

Дос сырласпай жүректегі сазды ұғып,
Көрсете алмай қыз ағаға наз қылық...
Бар еркелік ессіздікке баланып,
Ерлі-зайып бірін-бірі жазғырып...

Ортақ күнді, ай сәулесін бөле алмай,
Шын шаттанып, бірге жылап, күле алмай...
Бұ не тірлік?.. – бір құрсақтан шықса да,
...Өмір сүрер қарсыласып, тіл алмай...

Асыл ойлар көкірекке сыймаса,
Жария ғып ел-жұртына сыйласа –
Бұ немене? – тапап өтіп көпшілік,
Ақыл емес айқайшыны сүйді, аса...

Обал, обал! – мойындамай анықты,
Ел намысын есерсоқтар жоныпты.
Кейбір ерлер атағынан аулақтап,
Ел адасып, бар шындықты соң ұқты.

Үрейлене ана, маңға, қараса,

Ұл мен Әке өмір сүрсе санаса,
Қыз дегенің қырсық болса басыңа,
Ер сөзіне құлақ аспай жар, аса...

Жазық кімнен, ағаң сені сүймесе?..
Інің саған орынсызға күй десе...
Сонда қалай, қысқа ғұмыр өте ме,
Сандалумен, ерегеспен күй кеше?..

...Әлде тірлік заңы мүмкін -- қарсылық?..
Жаратты ма адамды ит аршы ғып?..
Хан жағасын тайсалмайтын жыртуға,
Кісіліктен туады ма аршылып?..

...Ел дегенің кілең содыр одағы,
Ер дегенің көптің бірі о дағы.
Қиялдағы Жалаңтөстер қайда жүр,
Адам жұмбақ, түсініксіз со жағы...

...Негізделмей сана ұлы өріске,
Бағытталып келіс емес керіске...
Бағындырмай ұлды атаға әуелден,
Адам заңы табиғатқа теріс пе?..

...Желге ұшса бабаң айтқан баталар –
Аңқау ұлды, алдарқатқан, жат алар...
...Дұрыстықтан бұрыстыққа құмарлық --
Бұ тірліктің негізінде қате бар...

...Мүмкін менің шындығымда қате бар...

...Ау Мырзеке!, басқалаусыз өзгеден,
Сырымды айттым осы өлеңмен Сізге мен...
...Біз сенеміз – атың мәңгі ауызда,
Жетсін жайнай, денің сау боп жүзге дем...

Астана. 27.05.2002 ж.

35. Қадырды оқы қарындас

Орынсыз өмір сөккенде,
Амалың болмай өктемге,

Содырдан жапа шеккенде,
Ақ-қарасын ашуға
Табылмаса еш пенде,
Аударып кітап парағын
Қадырды оқы қарағым.

Былғаса өмір батпағы,
Басқанда қайғы батпаны,
Байқалмай таңның атқаны,
Белгісіз күннің батқаны,
Езіліп еңсе жатқаны –
Қадырды оқы балақан,
Аймалар сені алақан.

Жүректе сезім өшкенде,
Көңілден сенім көшкенде,
Кешегі досың өшпенде,
Өмірден жаным шошыма,
Қадырды оқы сескенбе,
Көмексіз қалмас еш пенде –
Торыққанда досыңнан
Табылады қасыңнан.

Қадырды оқы, Қарындас!
Қуанышты кезіңде
Өзіңдей боп төгілер.
Қайғы басса сезімді
Өзіңдей боп үгілер.

Ізеттілік іздесең
Жоқшың болар көреген.
Адамшылық іздесең
Ақылшың болар береген.

Ерді сүйген жар болсаң
Мейірман ақ баташың.
Нәрестелі жан болсаң
Мөлдір көзді боташың.

Жан болсаң егер жарымжас,
Дертің болса арылмас –
Бәрібір оқы Қадырды,
Сырласарсың қарындас...

Қадырды оқы, Азамат!

Намысың арды қозғаса
Еріңді атқа салысар.
Жаныңа батқан жараңның
Өзегін бірге алысар.

Білектің күші жетпесе
Қол шоқпар қылшы ұратын.
Өнерге өрең жетпесе
Тұғырың сол ғой тұратын.

Еліңнің қамын ойласаң
Көрегенің сол сұңғыла.
Ұлыңды халқым сила, сен,
Әр жолы өлең бір мұра.

Жігіт болсаң намыссыз,
Жүре алмас: сайсыз, қамыссыз,
Іс істей алмас таныссыз –
Бәрі бір оқы Қадырды,
Үйрен қалай өмірде:
Берілмеуді алыссыз,
Сөйлемеді мәнiссiз.

13.12.1988 ж.

36. Күйші

(Аман Еңсегенұлына)

Тартшы досым құйқылжыта домбыра,
Баса түсші соңғы перне, соңғыға.
Адуынды атой салған күйлерің
Жаулықтай ғып желпілдетер шоңды да

Енжарлардың қозғай алған мазасын
Күйші жігіт – сен өрелі наз ақын.
Болса шіркін жүрегімде бір құрал,
Өшпестей ғып мәңгілікке жазатын.

Қос ішекті көз леспей қаққанда,
Сезім өзге, менде бүгін жат қан ба?
Саусақ кетсе, жанды жеген, сағадан
Уһі деші, досың үшін мақтан да.

Кәзір міне жабады енді қабағын,
Әжім торлап маңдайы мен тамағын.

Силатады күйші жігіт осы сәт
Өзін және баба мұра-шанағын.

Ұмытылмай ел өнері мың жылдан,
Шалқар теңіз, қоса-қоса сан жылғаң.
Өнерлі жан!.. туған елдің арқасы,
Күмбірлетіп көкірегіңді күй қылған.
18.06.1989 ж.

37. Санбаймен қоштасу

Ақиқат қой мойындалған ежелден –
Біреу жастай, біреу кенет тез өлген.
Бұл пәниде мүлт жібермей барлығын,
Алып жатыр ажал оғы кезелген...

Ауыр дейген қорғасынды ежелден,
Тек шаршаумен құны оның төленген.
Ең ауыр зат бір-ақ ауыз сөз екен,
Ауырлығын жон етіммен сезем мен.

Жылан жүзі суық дейді ежелден,
Бір шошумен құны оның төленген.
Ең суық зат бір-ақ ауыз сөз екен,
Бар жүйкемен сол суықты сезем мен.
Қылыш жүзі өткір дейді ежелден,
Бір жарамен құны оның төленген.
Ең өткір зат бір-ақ ауыз сөз екен,
Соны бүгін жан-тәніммен сезем мен.

"Ажал" екен сол сөз аты – сенем мен,
Тура келген Құдай атты кереңнен.
Қандай борыш алдыңызда бар еді,
О, Тәңірім... сонша қымбат төленген?..

38. Мұрын жырауға

Сартап боп сан замандар жатқан іші,
Төс, балға – жұтқын тамақ тапқан ісі.
Сол кезде қара есекпен қаңғып жүріп,
Бұл кезде бар қазақтың мақтанышы.

Қалдырды соқпақ қылып елге із кім
Заманда бермей келген ерге тізгін?
Айналдым әзілінен, жайнаң қағып,
Мұрын деп атап кеткен жеңгеңіздің!

Аз сөзді, асыл ойлы, тұйық еді,
Тілден бал тамызғанда ұйып елі,
Төсінің шық-шық еткен дыбысынан
Оқалы көйлек келін киіп еді.

Өңгіден – ел ағасы ессіз шықты,
Заманда асылдардан тексіз мықты.
Күн туды, бір өзіңнен ұғып алсын
Көбіміз түсінбейтін шексіздікті.

Маңғыстау өнерлінің өңірі еді,
Мақтанар мен жарымын¹, жөні келді.
Атажан, сөздария мұхитысың,
Түспейді көзге шегі, төңірегі.

Мұрынға қандай атақ жарасады,
Не биік қасында оның аласарды.
Әлемнің таң қалдырған не алыбын
Қызанның² шынашақтай қара шалы!

¹ – Мұрын атаның руы

² – Атаның туған жері

39. Ән тұлға (Роза Бағлановаға)

Ақ тілеулі анаңдай боп таңертең,
Оятады тербеп мені ән еркем.
Қиял шалқып, арман қуған сол шақта,
Қолын бұлғап шақырады бар ертең...

Әлдилейді өз даусыңмен жер деген,
Ана тілі бесігімді тербеген.
Сенің арқаң – алып қашса арындап,
Кейде тізгін бермей көңіл – кер дөнен.

Сиқырлы саз қабағыңды жаздырар,
Мұңайтады кейде сұлу назды зар.
Кейбіреудің жаны әуенмен тербелсе,

Әсем әнді ыңылдайды саздылар.

Асыл ән-ай, ескірмейтін, тозбайтын,
Тым тереңнен жан сырыңды қозғайтын!
Сыры неде Роза айтқан әндердің!
Ақын болсаң, тапшы теңеу, созбай тым...

Ақ боташың, маңдайдағы керімің,
Ел жалқысы, болғанменен төлі мың.
Шырқай берші, ән тұлғалы ақ марал,
Өмір-бақи ерке қызы елінің!..

40. Ізі өзің атақты қайқылардың

Өнерді сен өмірге балап едің,
Өлең-жырға толы еді жан әлемің.
Талапайлап аузыңнан алып кетті,
Ақкүріш-ау, әніңді қалап елің!

Қай биікте шырқасаң алқынбаған,
Қара қайнар көзісің сарқылмаған.
Шаршы топта шашаңа шаң жұқтырмай,
Шаттандырып келесің халқыңды әман!

Дәріптедің қылығын “сәйкілердің”,
Өз аузыңнан зар болып айтылар мұң.
Арман даусын жеткіздің заманыма,
Ізі өзің атақты “қайқылардың”.

Даусың жетті Досаттай жеті арқадан,
Өз үніңнен шерліден шер тарқаған.
Сағынышқа сағыныш жамап алып,
Кейде кетер дертіне дерт арта жан.

Күйіп-жану бар жанға арман едің,
Ғашық ұлың Күріштей бар ма, елім?
Ақбөбекпен Қайыптан кем түспейтін,
Махаббатты өнерге арнап едің.

Мүсіндеген өзіңді ұқыпты адам,
Дарқандығын дарытқан бұ құт далаң.
Тек өзіңе тапсырған аманатқа,
Кеудесінің кеңдігін Мұхит бабаң!

41. Бабам салған ән-сарын

Нұрғиса Тілендиевке

Асаулау бұл ағаның әні тентек...
Жатыр ма буырқанып, жаны, сенсек...
Толқиды күй мұхиттай көкірегі –
Солай деп, Нұрекеңді, таны сен тек.

Ұмытып қасымдағы “аңсарымды”,
Тыңдаймын бабам салған ән-сарынды.
Жан жібіп, тән балқыса, сезім – мейір,
Жіберді жұмақ қылып “қаңтарымды”...

...Құямын жүрегіме ерке мұңын –
Мына кеш неге сонша келте бүгін...
...Үлгердім табиғаттың танып бірақ,
Сыр айтқан Нұрекеңе еркелігін...

22.12.1992 ж.

42. Маңғолия қазағы Қайнелге

Кездескен қиын жерде қандасым-ай
Сұм тағдыр басты бізге таңбасын-ай.
Тілейік дәм-тұзымыз таусылмасын,
Алланың бөліп берген жан басына-ай.

Құдайдан сұрау парыз пенде тілек,
Жүрермін тілегіңді мен де тілеп.
Баскөз бол ұрпағыңа қартайғанша
Барлығы қалғанының пендешілік.

Қапур – құрдас келін шақырамын –
Дәмімді өз үйімнен татырамын.
Шалыңды жазып ал да, Алматыда
Демалып біздің үйде жатып алың.

Москва. 02.12.1990.

43. Жарасқанға жарасқан

Арпалысып аса қауіп дертпенен
Өше жаздап қайта жанған ер едің.
“Бұндай тойға бірі жетіп, жетпеген” –
Тыңда ағаңның бүгін саған не дерін..

Ақындар бар ақыл қонбас қарыспа
Құдайсыз боп жосық-жөннен адасқан.
“Қара Бура аруағы” жарыста
Оза шабу – Жарасқанға жарасқан.

Құрдасындай – Олжас, Қадыр, Сыр ағаң
Айта алмайсың жігіт еді деп ұсақ.
Мораль таза, алдарыңда тұр адам,
Мұқағали ағасынан сөгіс ап.

Бір бабасы Әлем сүйген данышпан,
Әлі күнге бас иеді бар аспан.
Яссауиді сөйлетем деп алысқан,
Кемеңгерлік – Жарасқанға жарасқан.

Қас ақынсың – қызыл тілден бал тамған,
Қас батырсың – қылыш сөзден қан тамған.
Кейде сөзің удан ашшы зәр тамған,
Кейде емші, әр жүректе бар таңбаң.

Көтере алмай сәл әзілді, кекесін,
Ақын халық сойылдасып тарасқан.
Бар алыптың тек таныту көкесін
Әбдірешов Жарасқанға жарасқан.

Жазушылар Одағының фоесі
Көбейткенмен бір кездерде әжімін –
Бүгін енді ұлан-ғасыр той иесі,
Жасай берсін ер мінезді Нәзігің.

Күлкіменен ыдырайды қайғы, мұң,
Күлкіменен жадырайды қара аспан.
Бар қазақты “Тамаша” деп тамсанту
Ол тек қана – Жарасқанға жарасқан.

Жолы жеңіл, тек қате бар бір істен –
Махаббатқа сыңар жақтау кіріскен.
Қыз сүйе алмай ұлдан ерні тұшыды –
Өз Жәнібек, Ұлы Шыңғыс, Үрістем.

Төленбейді бұ күндерде гонарар,
Жол таппайтын Жөкең сірә жан емес.
Қазақ-ақын миллионер бола алар,
Алыс емес қылаң берер таң елес.

Ау, ағайын, ағаларға бас ұрып
Еңбек етсең шапан сұрап санаспаң.
Ұлы Мұқаң аруағын асырып
Тұлпар міну – Жарасқанға жарасқан.

Құтты болсын мерей тойың Жарасқан!
Қазақ – дала, ал Сен биік жотасың.
Біреу маған быйыл тайлақ сыйлаған,
Саған тартам ең алғашқы ботасын..

44. Америкаға сәлем хат

Америка құрама Штатында білімін жалғастырып
жатқан Әлияға алыстағы, ауылдағы туыстардан

Асып кеткен мұхиттан, дариядан,
Алтыннан да ардақты Алияжан –
Жаңа Жылдың сәлемді қабыл алшы,
Қантөреден, Сайындай қариядан.

Кеше туған балапан Әлиямыз,
Сағынды ғой өзінді жанұяңыз.
Арман болған әркімге – Америка,
Сонда жүр деп біз сені далиямыз.
Өсек айтқан жек көрме кезде бізді –
Петербургдан алдыртам жеңгенізді.
Хабары бар жақында таныстырар,
Айнаш апаң болашақ жезденізді.

Қай ел артық, көбісі тең бе бізге,
Жоқ жалғандық, арамдық емге бізде.
Алдық зорға ақыры ауыстырып
Орыс сомын әйтеуір теңгемізге.

Көп хабар жоқ айтарлық ұлан-ғайып –
Жыл адамы аталды Назарбаев.
Австралия, Сахара, Қарақұмды
Жаяу етті жүгіріп Жыланбаев.

Осы күні тұрақтап тұрмады жан,
Бүгін кетті Делиге Нұрлан ағаң.
Айекең де, Ақтауға, мен де кетем,
Әрлі-берлі нан іздеп зырлаған жан.

Бәрі дұрыс десем-ақ бекер тіпті,
Жер сілкінді, жеті балл, қатер мықты.
Концерт берді Қытайдың қазақтары,
Жазира да бітірді шоферлікті.

Алыс жолға көп адам бата ала ма?
Дәм айдаса үйде жан жата ала ма?
Индейлердің жолымен сен де кеттің,
Сәлем бізден сондағы ата-анаңа.

02.01.1994.

45. Білмеймін ерде қандай арман барын

Шапай Зұлқашқа

Адамның шаласы көп, аласы көп,
Жігіттің кісілікке таласы көп.
Сен бірақ жалау етіп “бірлік-тірлік”,
Адамның өмір сүрдің баласы боп.

Замандар адам емес епті ұстады,
Біреулер зорлық ішіп, кек құсқаны.
Сен бірақ өнер жолын алдың таңдап,
Қазақтың өзіңдейлер бетке ұстары.

Алматы, Семей, Орал, Атырауда,
Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстауда –
Өзіңді өз ұлындай күтеді елің,
Дайынмын бәсекеге нанды ұстауға.

Болды да тарыққан кез пұлға кейде,
Жатқаны кейде жетпей ұлға жейде.
Сен бірақ биік едің бәрінен де,
Мәңгілік Сен сомдаған тұлға, бейне.

Жарысқа талай-талай қатысып ең,
Келеңсіз кейіпкермен атысып ең.
Өнермен өнеге сап жалғастырдың,
Шығысын Байтағыңның Батысымен.

Елу жыл Елге берген маржандарын,
Елу жыл өз соқпағын салған дарын!
Зұлқашев, Шапай мырза, ойланшы өзің,
Білмеймін ерде қандай арман барын!.

Ақтау. 29.03.2007.

46. Ер жігітке қайсарлық жарасады

Әнін шығарған - Өмірзақ Жұмағұлұлы

Ер жігітке қайсарлық жарасады,
Өткен ізге сайраған қарашы әні..
Жазылмаған шығар-ау жүрегіңнен
Талай салған өмірдің жарасы әлі.

Қайырмасы:

Сабыр аға!
Жүктің ауыр ие боп жағына аға,
Өмір сүрдің бауырлар бағына аға.
Енді ата аталдың ардақталып,
Міңдің міне алпыстың тағына аға.
Сабыр аға!
Арта берсін абырой бағың аға!

Бақыттысың ұлың бар, қызың да бар,
Ырыстысың наның бар, тұзың да бар.
Отаның бар, елің бар қаумалаған,
Той жасайтын дер шағың, шығындалар.

Қайырмасы.

Таймағанмен тарланның шабысы әлі,
Оған енді “шал” атақ жабысады.
Құттықтайық, ағайын, алпыс алған,
Ортаңызда Адайдың “жабысы” әні...

08.05.1997ж.

47. Ноғай қызына

ЮНЕСКО атап өткен М.Әуезовтің Семей қаласында өткен күндерінде Дағыстаннан келген бір әйел түбі бір түркі ел екенін, қандас бауырлығын айтып құттықтағанда жұрт ықыласына ерекше ие болып еді. Тілі – қазақтың мөлдір бұлағындай, түрі – жәудіреген қаракөз қарындастардай...

Атың кім қалқам,
Жарқ ете қалдың, атың кім?
Кім деме мынау...
Сезімге ерген ақынмын.

Кеткенде сөйлеп
Өзіңнің ана тілінде
Тіліңе тілім,
Тегіңе тегім жақынмын.

Ұлтың кім қалқам,
Айнымай менен, ұлтың кім?
Қызы ма едің
Адасып жүрген жұртымның?

Қарындас етем,
Қыз қылып алам өзіңді,
Әсері естен
Кетпес-ау, сірә, бұл түннің.

Не деген асыл
Текті боп туған төл еді!
Сені мен мені
Қалайша тағдыр бөледі?

Арманды болып
Алыстан ғана сағына,
Көруге қалқам
Бар қазақ көптен шөл еді.

Ормамбет өліп
Елімнің шыққан ойраны...
Жасыңа қанып
Шөл басып жауың тойлады...

Алауыз шақта
Бақыттың бастан ұшқаны
Өкініш, әттең,
Басылмас, сірә, бойдағы...
24.09.1997 ж. Семей

48. Сезім толқыны

Секен Тұрысбековке

Бір перненің сыр шертіп қылы көптен,
Сағыныштың оңаша мұңын өпкен –
Шағы еді, септі кеп, “ақ жауын” боп,
Бірі емес сезімнің мыңы көктен.

...Өмір – теңіз, сезімдер толқыны да...
Жүзіп кеттім күй саздың толқынына.
Қолға қалам алыппын, еркімнен тыс,
Бағындым ба, жүректің солқылына...

...Дыбыс-толқын, әсем-саз – бұйра, тұнық,
Жан тіндері барады ширатылып.
Сезім-толқын – есірік, бағынбайды,
Ақыл-қорған қамалы қиратылып.

Таныдым ба, домбыра шын даусын, үн,
Дәл суарған, алмас үн, шыңдаушы кім...
Мөлдір тамшы із салып барады әні,
Ақ бетіне арудың, тыңдаушының...

49. Айтберген алпысы

Домбыра, мынау, домбыра,
Бас өнері қазақтың!
Құлаққа үні жеткен шақ,
Сезімнен бөгде азатсың.
Әлемде талай дыбыс бар,
Домбыра үні ғажап тым.
Қадірін білсең, шіркін-ай,
Домбыра атты ғажаптың!

Елімде талай өнер бар
Жатамыз соған сүйсініп.
Сүйексіз дене береді
Бір баланы биші ғып.
Біреуді Алла сомдаған
Керемет шебер, үйші ғып.
Ал біріне қонады
Қасиет өнер – күйшілік!

Қазақта талай күйші бар,
Құрышын құлақ қандырған!
Дүбірге толы саздары
Екенін қазақ нандырған!
Он екі перне бес саусақ
Ғашықтың жүзін жандырған.
Тірілей жұмақ мекені
Сезімін сазға алдырған!
Үйреніп жатар өнерді

Ұстаздан, сенен, балдырған!

Ау, айналайын Айтберген!
Алпысқа келіп қалдың ба?
Жетпіс пен сексен тоқсандар,
Ар жағында жүзі бар,
Күтеді сені, алдыңда!
Міндеті бар бәрінің,
Терек пен қайың, талдың да!
Он сегіз мың ғаламның,
Жан-жануар, малдың да!
Сен, өнерлі туған азамат,
Міндетінді атқардың
Ардақты мынау жасыңда!
Сен, өнерлі туған азамат!
Халқыңның сүйген қалауы,
Өнерде байрақ жалауы,
Жүрекке сезім, алауы,
Оған куә, жұртыңның,
Сазыңды жанға балауы.
Баяғы қарттар айтқандай:
Алтыннан да ардақты,
Қорғасыннан салмақты,
Домбыраны теңеуге
Айтылмай сөздер қалмапты.
Домбыра да өзіне
Егізін іздеп, таңдапты.
Тауыпты сені Айтберген
Өнерлі жанды, жан-жақты!
Пір тұттың сен де, Айтберген,
Домбыра деген заржақты!

Қашекең айтқан қу ағаш,
Қолыңда сайрап бұл ағаш,
Ұстаздық болды мұратың,
Ерекше еді талғамың!
Шөл бастың сиқыр сазымен,
Нан етіп мұңын талмадың,
Өзіңе мұңын шаққанда,
Зарлыны күймен алдадың.
Тырнағың шекке тигенде
Төресін саздың таңдадың.
Айта да алдың назымен
Жұртыңның асыл арманын.
Бәрін айт та бірін айт,

Ау, айналайын, Айтберген!,
Қаумалаған жалпыға,
Қазақ деген халқыңа,
Өнері мен салтына,
Бабалар үнін жалғадың!
Алпыс жыл бойы адамға
Етуден еңбек талмадың!
Жетпісінде жалғармыз,
Айтылмай бұ жол қалғанын!
Жинақтай жүріп сол кезде,
Басыңа тағдыр салғанын!

Ақтау. 13.10.2008

50. Сәулетші, інім, Саматбек

Елуден асып, алпысқа аяқ басқан жан,
Болмапты кезі қауіптен, қатер жасқанған.
Атақ та алды, дәулетет те барды, бірақ та,
Болмапты кезі соларға сенген, мастанған.

Қимылы басқа, адалдан бәрін аңсаған,
Туындап жатар армандар қаулап, самсаған.
Тынып та жатыр, туып та жатыр қайтадан,
Болады екен арманға құмар, мұнша, адам.

Жасақтап алды, өнерге құмар әулетті,
Қазірде аты танылды, маман сәулетші.
Қамқорға алды, қазақтық болмыс, кісілік,
Ізгілік, парыз, рухани атты дәулетті.

Үйренді тоқып, адамдық атын жастана,
Жігітке аға, болардай үлгі басқаға.
Байтағын қазақ сәндеді – сонау Атырау,
Түркістан, Орал, Алматы, Өзен, Астана.

Еңбекпен өзің ортадан орын сайладың,
Жасай бер інім, бағыттан осы таймағын.
Риза саған сәулет те, өнер, адам да,
Риза саған, жаудырар алғыс Аймағың!

Сайын Назарбекұлы
Астана. 16.03.2009.

51. Избасар

Тірлікте – жанды, жансызда
Жаратқан Алла тақыл бар.
Көзіңнің жауын алатын
Алтын бар, күміс, асыл бар.
Қиялға қанат қақтырар
Жайнаған гүл бар, жасыл бар.
Бәрінің көркін келтірер
Адамнан шыққан асылдар.
Жырласа жыршы тірлікті
Таңдайы тынбай тақылдар.
Өнерлі шығар ортаға
Өзіне сенген батылдар.
Солардың бірі – Избасар,
Айтуға солай қақым бар.
Құрдастың құнын түсірмес
Халайық мендей ақын бар.
Бес-алты ауыз сөзімнің
Әлеумет дәмін татындар.

Сыйлапты бізге Жаратқан
Маңғыстау деген аралды-ай!
Тозаңы толған қасиет
Асылдар сенен жаралды-ай!
Өнерлі туып ұлдарың
Әлемге даңқың таралды-ай!
Қарсы сөз айтқан самырзақ
Тоқтайды әрі бара алмай!
Қосайын жырға мен бүгін
Туғызған өзің тақылды.
Аға мен іні сыйлаған
Тумысы бөлек мақұлды.
Шежіре, әнші, зерттеуші,
Мадақтап шешен, ақынды.
Қаумалаған әлемет
Әуелден аты жақынды.
Талай да талай бал сөздің
Таңдайға дәмін татырды.
Тойлайды бүгін өнерін
Байтағын түгел шақырды.

Атың кім сенің, Из-еке?
Затың кім сенің, Избасар?

Санасы халық өшпейді
Өнерлі туған жүз жасар.
Атағы асар ғасырдан
Жүзді де емес мың жасар.
Ауыздан көшіп ауызға
Өзінен кейін шын жасар
Атыңды сенің сұраса –
Қашаған сынды ақынсың!
Затыңды сенің сұраса –
Қалнияз сынды батырсың!
Қасиет сенен сұраса –
Тірілтіп өлі жатырсың!
Өзіңді кім деп сұраса –
Алшыннан соңғы абызым!
Кісілік сенен сұраса –
Түсіндің сөздің маңызын!
Құдірет күнің емес пе
Қысқарттың, сәтке, таң ұзын!
Қаласаң өзің !з-еке
Айналды шынға аңыз-үн!

Ізбасар ақын жырымен
Аруақ талай тірілді.
Замандас болды біздермен
Абыл мен Ақтан бұрынғы.
Сөйлетті талай шақырып
Дария-дастан Мұрынды.
Термелеп кетсе Із-ағаң
Отырдық көріп Нұрымды.
Ол жүрген жерде шежіре,
Әңгіме-дүкен құрылды.
Құдайым бізге қиыпты
Ел етер елін бір ұлды.

Арқасы соның ағайын –
Көмгенім қайта тірілді,
Өшкенім жанды бұрынғы.
Құдайым бізге сыйлапты
Ізбасар атты бір ұлды.
Тағы да соның арқасы
Тойлайды бүгін ел болып
Өнерлі туған жыр-ұлды.
Ақтау. 30.09.1997

52. Жақияновқа хат

№ 849. 10.04.1995.

Қызыл тілім пайдаңнан залалың көп,
Кейде жөнсіз шапалақ қаламын жеп.
Тастап сені кетпепін келгенімде,
Ақ мұнара Абайға саламын деп.

Айтады ғой қалдырып кетпегесін...
Тексіз жандар тектіге тек демесін...
Пасықтардың құдайы беріп жатыр,
Басу айтып басшылар сөкпегесін.

Сабатып ап бір кезде Абайыңды,
Тартпап па едің тобықты сазайыңды.
Желкелетіп әркімге қоясың ба,
Абай жанды, құрылысшы, Адайыңды...
26.03.1995 ж.

53. Ән (Әнші қызым Айгүлге)

Таң да жақын той әлі тарқамаған,
Шырқа солай, өз әнің шырқа балам.
Ән жұпарын сіңіріп манаурайды
Таң алдында анау бел – қырқа, далаң.

Салшы кеңге, шат шағың, жасқанбай бір,
Сезім сила, әніңмен шашқандай гүл.
Шырқау кеттің, сен кәзір биіктесің,
Өнерімен атаңның аспандай біл.

Шырқа жаным тек қана қанатты әнді,
Елің әнмен ержетті, қанаттанды.
Мен де бүгін жаһанды жалғыз кезіп
Қарсы аламын, ғажайып, жәннәт таңды.

Осы әнменен қазақпыз, сәндіміз тек,
Осы әнменен қазақпыз, мәңгіміз тек.
Шырқау сазды ілініп қайтпай қалған
Кетті көкке сезімім әнді іздеп.

28.01.1994.

54. Айгүл әні

Айгүл Шоданқызы Қосановаға

Бабы түскен қас жүйрік, күйі міне!..
Мақтанғандай жанары жиі күле –
Қанатына мінгізіп Айгүл әні
Алып кетті Алатау биігіне!..

...Көз саламын Әлемге – паң биіктен,
Тазаланып қалады жан күйіктен.
Асқар шыңнан ертелеу күн көрінер,
Сезімді кез не деген таң сүйікті ең!..

Ойы менмін сол кезде мың дананың,
Балқиды тек сол кезде шынға жаным.
Бар дүние Зәурешін жоқтағанда,
Билеп кетер бойымды мұң ғана, мұң.

Алдырмаймын мен со кез арыстанға,
Шаң қаптырып кетемін жарысқанға.
Желкенім – ән, айдынға жүзіп кетем,
Сәлем жолдап жіберем ғарыштан да.

Талқан ете аламын жат қамалын,
Менде болмас со кезде басқа наным.
Сезім билеп жанымды қанаттанып,
Нәрестедей, бейкүнә, шаттанамын...

55. САБЫР АҒА

Әнін шығарған - Өмірзақ Жұмағұлұлы

Ер жігітке қайсарлық жарасады,
Өткен ізге сайраған қарашы әні..
Жазылмаған шығар-ау жүрегіңнен
Талай салған өмірдің жарасы әлі.

Қайырмасы:

Сабыр аға!

Жүктің ауыр ие боп жағына аға,
Өмір сүрдің бауырлар бағына аға.
Енді ата аталдың ардақталып,
Міндің міне алпыстың тағына аға.
Сабыр аға!
Арта берсін абырой бағың аға!

Бақыттысың ұлың бар, қызың да бар,
Ырыстысың наның бар, тұзың да бар.
Отаның бар, елің бар қаумалаған,
Той жасайтын дер шағың, шығындалар.

Қайырмасы.

Таймағанмен тарланның шабысы әлі,
Оған енді “шал” атақ жабысады.
Құттықтайық, ағайын, алпыс алған,
Ортаңызда Адайдың “жабысы” әні...

08.05.1997ж.

56. Маңғыстаудағы бір жеті...

Асанәлі Әшімовке және
Шәкен Айманов атындағы “Қазақфильм”
студиясының Маңғыстаудағы апталығына

Бір жеті мезгіл... Аз ба еді, көп пе білмедік,
Өлкеміз кенет құлпырып кетті гүлденіп.
Шынайы шат боп, әр сәті бақ боп қонды да,
Серпіліп қалды Маңғыстау, Үстірт Ол келіп.

Асанәлі ағамен сезім егіз бе,
Сапыра толқып қуанып жатыр теңіз де.
Келісіп алған секілді тентек адайлар,
Болмасын қылық, ағаға “әттең” дегізбе.

Әлденген қарттар, үмітті сөнген қазып ап,
Қалмақшы жастар болашақ жолға азық ап.
Батасын беріп жатқандай болды аталар,
Шопан мен Бекет, өлке де тұтас жадырап.

Тапқандай бәрі үйлесім менен жарасым,
Өмірдің мәнін аға боп бір кез шаласың.
Киноға қарап, өзіне балап кісіні,
Жүзіне көз сап, мәндене тірлік барасың.

Бір жеті шат боп күлкімен таза күлдік біз,
Бір жеті бойы жүректе сезім жүрдік біз.
Қалайсың аға?.. Сақтай гөр өзің Жасаған,
Шыдай ма жүрек соғуға солай үздіксіз?..

Күтеді Сізді қазақтың байтақ даласы,
Күтеді Сізді тау-тасы, ауыл баласы.
Күтеді Сізді бәрі де, бәрі, бәрі де,
Маңғыстау қандай, ағамен көркем, қарашы!..
Ақтау. 03.05.2004.

57. Он сегіз жаста екенсің
(жұбайым Қантөренің 62 жасына)

Он сегіз жаста екенсің
Көзіме алғаш түскенде.
Бозбала азап тартар шақ
Бойжетіп қыздар піскенде.
Сағыныш атты сар табақ
Ғашықтық сезім ішкенде.
Еркіңмен түсер тұзағың
Құтылмас қашып еш пенде.

Алғашқы дәурен он сегіз
Сәтімен солай кетіпті.
Баланың ғажап сағынар
Сезімді шағы жетіпті.
Тер төгіп еңбек ететін
Толтырар кезі кетікті.
Бір жары тағы он сегіз
Еңбекпен солай өтіпті.

Түндігін аштық бір үйдің
Отыз тоғыз жыл шамасы.
Содан бері отымның
Екенсің өзің панасы.
Содан бері екенсің
Бір шаңырақ анасы.
Үйінің әйел бақаны
Ерінің жетсе санасы.

Қырық төрт жаста өзіңе
Арнапты жарың бір өлең.
Шақырды талай қиянға
Сезімді тербеп бұл өлең.
Өнердің түрлі басы боп
Шалыңыз содан түлеген.

Дем берген шабыт ақыңа
Жырыммен саған гүл егем.

Бұл он сегіз отыңа
Жемісін ала жетіпті.
Бұл он сегіз біздерге
Кісілік атын бекітті.

Танысқан бір кез шоферің
Сынақтан солай өтіпті.
Қазақтың байтақ даласын
Аралап даңқы кетіпті.

Тойлаймыз туған күніңді
Ойда ғой сол бір он сегіз.
Түспейді көзге опынба
Мезгілге аздап оңсаңыз.
Жастығың қолда – Досекең
Жәмилә, Айгүл, соншамыз.
Бергей де Алла осындай
Біреуін тағы он сегіз.

17.02.2005 жыл. Ақтау.

58. Қарағым-ай

(Нұржамал Үсенбаеваға – Алматыдағы
өлең кешіне деген ризашылықпен)

Қарағым-ай!
Сезімнің күйін шертер
Еркенің үні ме едің...
Аялы алақаны
Ананың тілі ме едің...

Қайырмасы:

Көркіңе көз тойдыра
Елжірей қарадам-ай.
Өніңмен сонау көкте
Нұрланып барады ай.

Қарағым-ай!
Қазақы салтанатың,
Сәніңе масаттандым.
Өніңнен гәкку атты,
Ақын ем, қанаттандым.

Қайырмасы.

Қарағым-ай!
Ғажайып ән кешінде
Алматы сезімденді.
Өнердің жұлдызына
Жыр арнар кезім келді.

59. Ақселеу рухына

...Еске түсе беретіні-ай Ақаңның...
...Тұлғалы еді-ау, жалғызындай жаһанның...
...Жүрек мұздап, сүйек сыздап азаптап,
Сағыныштан мұң мен ойға батам мың...

...Қозы құйрық, құмырсқа бел қарғам-ай! –
Ару қызды көрсе дейтін – арман-ай!..
...Қара сөзге қаймақ қатқан Ақселеу,
Өтіп кетті-ау, дүние неткен жалған-ай...

Сыя алмадың бұ тірлікке Сен неге?
Әлде Аспан ұлыларға кенде ме?
Жалықтың ба пақырлардан...
Әлде Жер
Тарлық етті мүмкін ұлы пендеге?..

Уа, Ақселеу! Дегеніңе, жеттің бе?
Береріңді беріп болып кеттің бе?
Не де болса тағы мінез таныттың,
Бұл ғаламның маңдайына тептің де!..
Ақтау. 27.10.2009

60. Алғашқы өлең (Қантөреге)

Кім білген осы жасың аз ба, көп пе?
Байқамай келіп қапсың қырық төртке.
Қабыл ал тілегімді арнап едім,
Жазылған шын ниеттен парақ бетке.

Қажет боп жатса егер біздер үшін,
Айырар Алатауды қара күшің.
Арнадың өміріңді ойланбастан,
Шалың – мен, Нұрлан, Жазира – балаң, үшін.

Аспаннан іздемедің ай-жұлдызды,
Сұрамай алтын-күміс, не құндызды.
Риза болдың тағдыр жазғанына,
Кей-кезде дәметкенмен жылы сөзді.

Жалықпай ерте тұрып, кеш жатуға,
Үйренбей өсек пенен сөз тасуға.
Жаныңның пәктігімен қабылдадың,
Орынсыз болар кейде керіс-шуға.

Тарылып қонағыма кет демедің,
Орынсыз мінезіме тек демедің.
Шатырлап найзағайдай шарт сынғанда
Төзіммен, ақыл менен ептеп едің.

Кім білген осы жасың аз ба, көп пе?
Байқамай келіп қапсың қырық төртке...
...Жыр жазып, қартайғанда жорға шығып
Ұшыраған жоқ па екен шалың дертке?..
Алматы. 17.02.1987

61. Ұлымның қырық жасына

...Жас дәурен баста тұрып па...
...Толғанбыз біз де қырыққа...
Сәнім де, жаным Жалғызым,
Екенсің бүгін қырықта.

...Көріп ек сені тал түсте...
...Келмеске кетті алпыс та...
Өрнегін салып көркіме,
Жетіп те қалды жетпіс те.

Отырмын міне ойланып
Жасыңды қырық ойға алып.
Жоқ екен өкпе, өкініш,
Күндерді қызық тойладық.

Кезің жоқ тасып асынған,
Жұмысқа салдым жасыңнан.
Шеберлік сырын үйреттім,
Қалдырмай сені қасымнан.

Кісі етер сені еңбегің,

Өзгеге жаным сенбегін.
Тірліктің нәрі абырой,
Сата ма оны емге кім?

Адалдық жолын үйрендің,
Жүрекпен сезер күйге ендің.
Азамат етті ардақты,
Өмірден солай түйгенің.

Айналдың маған қалқанға,
Бәйгі алдың тойым тарқарда.
Абырой атақ жиылды,
Жалғызым сенің арқаңда.

Ақтау. 16.12.2009

62. Шабаз жетпісіне

Кей сезімдер жадыратар жаныңды –
Сол сезімді сөзге айналдыр десең, де.
Жасырмайын мен жайымды тыңдаңдар –
Жетіп жатыр Шабаз досым десем де!

Адам жаны сезімменен нәрленер,
Мақтаншты осы сезім мен үшін.
Досың үшін мақтана алсаң жігіттік,
Сол мінездің кім табады кемісін.

Бұ табиғат бәрін берді Шәкеңе,
Ақын еді, атақты еді жасында.
Арманды еді, талғамды еді о бала,
Бар болатын көп қасиет басында.

Ол студент мен шофермын о кезде,
Естеліктің бір шырағын жағайын.
Танығанмын өлеңімен оны мен,
Ұшқан күні ғарыш кеме, Гагарин.

Қала паркі, мейрамдады со күнді,
Гурьевтің бар жақсысы жиналып.
Бала жігіт Ұлы Отанды мадақтап,
Біздер тұрдық ақын үшін қиналып.

Жерді, Көкті билеп алды сол бала,
Аңыздағы мыңға шапқан батырдай.
Сандаған көз соған қалған қадалып,

Қандай батыл, не деген жан, япырмай!

Шабыт еді, оны сол күн шалқытқан,
Алғаш мақтап Гагариннің ерлігін.
Нұр-Отанның қайраткері, бұ күнде,
Қарандаршы қандай жігіт, көр бүгін!

Толтырғанды бір шабыттың кенерін,
Ақындықты ауыз бармас дерт дерге.
Өкінемін, сол баланың өнерін,
Ауыстырып жібергені фортфельге.

Тек Маңғыстау өкінбейді ол үшін
Өзі үшін терін төкті сол жігіт.
Бағалады оны бүкіл байтағы,
Алла бергей сыбағасын мол қылып

Еңбек етті, сарқып берді бар күшін,
Бермегенмен аспандағы айды алып.
Жетпісіне жетіп қалды бұ бала,
Маңғыстаудың мақтанына айналып.
Ақтау. 12.02.2010. Сағат 19-49

63. Бір кездегі қазақтарды сағынып...

Өтежан Алшынбайұлына арнадым

Біздің қазақ ежелгі елдің бірі еді,
Бола білді ел-жұртының тірегі.
Талай талқы түссе дағы басына,
Мың өлсе де жаны сау-ды, тірі еді.

Арлайтынды ата жолын баласы,
Намыс қорғап келгенінше шамасы.
Ендігілер жаттан жақсы іздейді,
Қалай ұрпақ өзгергенін қарашы.

Біреулері будда, шаман дінім деп,
Мұсылмандық әке сенің мінің деп.
Біреулер жүр қайыр тілеп жауынан,
Өткізеді жат жұртпенен күнін көп.

Жеткізгендей ұшпағына ел-жұртын,

Бір қазақ жүр араптардың қамын жеп.
Бірі әлек шатақ іздеп, жалаңдап,
Зікір салып Пакстанды таның деп.

Ас бергенді әкесіне күнә деп,
Ақымақ жүр маған ғана наның деп.
Мұсылман кім, буддасы кім, кісі кім,
Айыра алмай халық қалды мәнін, кеп.

Шеттен оқып біреулер жүр тапсынып,
Мен ақиқат ап келдім деп, наның деп.
Бір бала жүр өз ұясын жатсынып,
Әдет аттап, ата-ана жанын жеп.

Қыз-келіншек беті-жүзін тұмшалап,
Жат көйлегі, орамалы сәнім деп.
Біреулер жүр кісілікке дес бермей,
Ақша, ақша ендігі айтар әнің деп.

Еңбек етпес, халық қамын ескермей,
Аста көлік, қалтада ақша, қарын тоқ.
Кетер ме екен өмір бойы ес кірмей,
Кімнен олар май жалайды, нанын жеп?

Мүфти, молда білік те жоқ бірлік жоқ,
Тауып бермей діни жолдың жөнін, дөп.
Әрекет жоқ, қолдап істер тірлік жоқ,
Бар айтары біздің сөзге сенің, тек.

Ұры-қары намазхан боп табынар,
Содан барып хақ жолына сенім жоқ.
Аңқау жандар алаңдайды жан-жаққа,
Айта алмай міне мынау теңім деп.

Кеше ғана тәрбиелі ел едік,
Адал сөйлеп, адал соққан жүрегі.
Жатсынбаған бар әлемді біз едік,
Тек жақсылық, тек қайырым тілегі.

Жүретұғын жаратқанға табынып,
Кеше ғана ата сөзі бұл еді.
Бір жетімді бастан сипар жабылып,
Қайырымды ел атанып жүр еді.

Уәденің құлы еді қазақтар,

Бұ күндері сөзге сенбе, өтірік.
Шешен еді байлап сөйлер қазақтар,
Бұ заманым кілең жалған, көпірік.

Азаматта кеткендер бар сатылып,
Күшік біткен иесіне үреді.
Жаттанды сөз, жаттанды ой сапырып,
Немересі атасына күледі.

Бұ заманым сыйлап жатыр жаңа адам,
Қоңын емес жанын елдің жүдеткен.
Өздеріңді сағынамыз Өтеке,
Елмен күліп, елмен бірге күнелткен.

Кейде келер ақын жанға тосын ой:
«Кімнен туып жатыр солар қағынып?».
Жыр арнадық Сізге аға осылай,
Бір кездегі қазақтарды сағынып...
Ақтау. 27.08.2011

64. Жарасқанға

Міне бүгін тағы да бір қыр асқан –
Наз ақынға күле қарап тұр аспан.
Атасымен әзілдесіп ойнайтын,
Еркелік тек Жарасқанға жарасқан.

Сыншы атады Әбірешов жолдасты,
Таза жерден туған сөздер – о да ащы.
Қайрат қандай! Әруаққа мінгенде,
«Домалатып» алар кейде Олжасты.

Жүгін салып иығына алыптың,
Алғысына жүзіп жүрсің халықтың.
Атақ-даңқың аздау болса Шыңғыстан,
Өкінбеші, оңашада, налып тым.
14.03.1991 ж.

65. Мырзагелді Кемелге

Ойы, сөзі – нағыз қазақ ежелгі,

Қызыл тілі кісілік деп безелді.
Қазақ жанын тазартқалы тер төккен,
Жұрт мадақтар Мырзагелді Кемелді.

Сайын деген кісіні Сіз «тергепсіз»,
Тоғыз томды оқып он күн терлепсіз.
Азаматтың табысына қуанған,
Біз де Сіздей еңбекқорды көрмеппіз.

Асыл сөзге, асыл ойға тамсанып,
Танытпақ боп бар қазаққа жан салып.
Өзі емес өзге үшін тер төккен,
Сіздей ерді біз де көптен аңсадық.
Астана. 09.03.2012 ж.

66. Кәрімнің 70 жасына!

Жалғыз досым, жаратылған жайдары,
Кісіліктің, сүт бетінің қаймағы!
Жетпіс жасын тойлап жатыр Қазалы,
Қызыл Орда, Қазақстан аймағы!

Құтты болғай жан жолдасым туған күн!
Белді бекем кемел кезге буған күн!
Жастық пенен, достық пенен қоштасып,
Көзді жаспен амалсыздан жуған күн!

Бір кездерде Баймұратов Кәрім ең,
Ауызданған адамшылық нәрімен!
Қайырым мен ізгіліктен болмысың,
Қашық болдың ит мінездің бәрінен!

Жақын-жуық, аға-іні қамдадың,
Досқа толы, құда, жекжат жан-жағың!
Құшақ толар, мейір қанар жар сүйдің,
Жоғары еді қашаннан да талғамың!

Берді саған ұл мен қызды Жаратқан,
Жақсылықпен жетпіс жылдай таң атқан!
Құр емессің абыройдан, атақтан,
Ел мен жұрттан алған алғыс, мадақтан!

Шофер болдың райкомда, жас болдың,
Аға болдың ауылыңа бас болдың!

Алматыда староста атанып,
Жас балдарға о жақта да бас болдың!

Немерелер, шүкір, шүкір баршылық,
Берді Құдай көп күтпедің сарсылып.
Алла бергей десем саған, әрқашан,
Бола қоймас кім-кімнен де қарсылық.

Ұмтылмадың мынау заман соңына,
Жамамадың арам салмақ қоңыңа.
Бірақ өзің көш соңында қалмадың,
Жаратқаның келді бастап оңына.

Жақсылықты бар пендеге қиғаның,
Арам пиғыл ойламадың, жимадың.
Достарға да жан жүрекпен адал боп,
Бар жақсыны қолтығыңа жинадың.

Біз де соның, көп достардың, бірі едік,
Дос пейілге біз де жүрміз гүл егіп.
Жылдан-жылға жақын тартып өзінді,
Сол пейілмен асқақтадық, түледік.

Адай деген Маңғыстауда ел едік,
Нағашыңбыз, соған жақын келелік.
Аты шығар жиендердің қашан да,
Жақсы болса нағашымен теңеліп.

Түс те ауды, жақын қалды екінді,
Сақал шықты немереге, жетілді.
Қозғалмайды біздің Кәрім, орнықты,
Қазалының күзетшісі секілді.

Аман болғай Қазалың да, қауымың,
Жазғай саған бар тағдырдың тәуірін!
Кетпе ұмытып, қартайғанда досыңды,
Шақырғайсың жүз жасыңа бауырым!

Досың Назарбек Сайын Назарбекұлы.

Ақтау. 05.08.2010 ж.

Арнаулар

- 1 Қазақстан Отаны ғажаптардың
- 2 Жаса! Жаса! Қазағымның жалғызы!
- 3 Хан Тәңір шыңның шырағы
- 4 Нұрекеңнің туған күніне. 2009 ж.
- 5 Елбасы
- 6 Бәйтерек Тұлға – Елбасы!
- 7 Астана мен Нұрекеңнің туған күніне. 2008 ж.
- 8 Қазақ халқына бақыт тілеймін
- 9 Алтын бақан

- 10 Азамат бар сомдаған Адам атын
11 Құлпытастар альбомы
12 Қазағымды ерлері бар қамдайтын
13 Иманғали – мақтаным марқайғанда
14 Сезімдер мен сенімдер
15 Иман мен Ғали бірігіп
16 Құлтегіннің ұрпағы – Иманғали
17 Арман-сыр
18 Нұрғали аға рухымен
- 19 Анасы мен баласы
20 Керуен. Әбішке
21 Клара жетпісіне
22 Әбеке жетпісіне
23 Әбіш аға
24 Әбіш
25 Тұтқасы тірлік аналар
26 Ұл қалдырған әулиедей артына
- 28 Төлеген топырағы
29 Әмин Тұяқов
30 Әмин жетпісіне
31 Темірханға
32 Ресейде інім бар
33 Ләззәт Кетебайұлына
34 Мүмкін менің шындығымда қате бар.
35 Қадырды оқы қарындас
36 Күйші (Аманқос Еңсегенұлына)
37 Санбаймен қоштасу
38 Мұрын жырауға
39 Роза Бағлановаға
40 Ізі өзің атақты қайқылардың
41 Бабам салған ән-сарын
42 Маңғолия қазағы Қайнелге
43 Жарасқанға жарасқан
44 Америкаға сәлем хат
45 Білмеймін ерде қандай арман барын
46 Ер жігітке қайсарлық жарасады
47 Ноғай қызына
48 Сезім толқыны
49 Айтберген алпысы
50 Сәулетші інім Саматбек
51 Ізбасар
52 Жақияновқа хат. № 849. 10.04.1995 ж.
53 Ән (Әнші қызым Айгүлге)
54 Айгүл әні (Айгүл Шоданқызы Қосановаға)
55 Сабыр аға
56 Маңғыстаудағы бір жеті
57 Он сегіз жаста екенсің
58 Қарағым-ай (Нұржамал Усенбаеваға)
59 Ақселеу рухына

60	Алғашқы өлең (Қантөреге)
61	Ұлымның қырық жасына
62	Шабаз жетпісіне
63	Бір кездегі қазақтарды сағынып
64	Жарасқанға
65	Мырзагелді Кемелге
66	Керімнің 70 жасына